

MATERIÁLY

XII MEZINÁRODNÍ VĚDECKO - PRAKTICKÁ KONFERENCE

«VĚDA A TECHNOLOGIE: KROK DO BUDOUCNOSTI - 2016»

22 - 28 února 2016 roku

Díl 12
Filologické vědy
Hudba a život

Praha
Publishing House «Education and Science» s.r.o
2016

Vydáno Publishing House «Education and Science»,
Frýdlanská 15/1314, Praha 8
Spolu s DSP SHID, Berdianskaja 61 Б, Dnepropetrovsk

Materiály XII mezinárodní vědecko - praktická konference «Věda a technologie: krok do budoucnosti – 2016». - Díl 12. Filologické vědy.Hudba a život.: Praha. Publishing House «Education and Science» s.r.o - 88 stran

Šéfredaktor: Prof. JUDr Zdeněk Černák

Náměstek hlavního redaktor: Mgr. Alena Pelicánová

Zodpovědný za vydání: Mgr. Jana Štefko

Manažer: Mgr. Helena Žákovská

Technický pracovník: Bc. Kateřina Zahradníčková

XII sběrné nádobě obsahují materiály mezinárodní vědecko - praktická konference «Věda a technologie: krok do budoucnosti» (22 - 28 února 2016 roku) po sekcích Filologické vědy.Hudba a život.

Pro studentů, aspirantů a vědeckých pracovníků

Cena 270 Kč

ISBN 978-966-8736-05-6

© Kolektiv autorů, 2016
© Publishing house «Education and Science» s.r.o.

HUDBA A ŽIVOT

HUDBA: STUDIUM A PŘEDNÁŠENÍ

Бултирикова Ж.И. Музыка сабағында ойын технологиясын қолданудың тиімділігі 64
Бегалова М.С., Саукимбаева Н.К. Оқушыларға музыкалық тәрбие берудегі музыка туралы әңгіменің маңыздылығы мен қолдану жолдары 67
Қожанова Г.Р. Қазақтың күй өнерінің аймақтық дамуындағы шертпе дәстүрі 71
Шаяхметова А.А. Изучение дополнительного музыкального инструмента – фортепиано 74
Дущанова А.Ұ. Музыка сабағын жаңаша оқыту – заманның талабы 78

HUDEBNÍ VĚDA

Куненова П.С., Мағзұмова Р. Өнерім – өмірім.өмірім – өнерім! 82
Сураншиева Р.К., Байғазиева А. Ұлт мақтаған дара тұлға – қадыр мырза әли 84

OBSAH

FILOLOGICKÉ VĚDY

JAZYK, ŘEČ, KOMUNIKACE

Желуденко М.А., Сабитова А.П. Анализ лексических изменений немецкого языка (1990-2015) ... 3
Халық Гүлдерайым Болатқызы Дүниенің тілдік бейнесінің антропоцентристік бағыттағы көрінісі ... 5
Айтбаева А.Е., Шыңғысханқызы Аружан Жамбыл жырларындағы батырлар бейнесі ... 9
Жанбершиева Ұ.Н., Айтбаева А.Е. М.Дүйсенов – Жамбылтанушы ... 13
Уразбекова М.К., Аксёнова И.Н. Сложности использования цифр в текстах на китайском языке ... 18
Байджанова Г.Б. Discourses of Fantasy in Literature ... 21
Бекжанова А. The Theatre of the Absurd ... 23
Дадашова Г.Ф. Paradox in short stories ... 27
Алтаева Г.А. Речевая культура коммуникантов в сфере сервиса ... 29
Алтаева Г.А. Речевое поведение коммуникантов в сфере сервиса и его компоненты ... 31
Жагипарова М.М. Қазақ тілді емес аудиторияда қазақ тілін үйретудегі Мәтінмен жұмыс ... 33
Кокей А.О., Игиликова Г.И. Проблемы образовательной деятельности в произведении ч.айтматова «первый учитель» ... 39

JAZYKOVDA

Рамазанова Ж.С., Жумабекова Г. Жарнаманың бұқаралық маңызы мен қоғамдық қажеттілігі ... 42
Айтбаева А.Е., Әбілқасым Бақберген М.Дулатов публицистикасындағы ел жайы ... 45
Айтбаева А.Е., Шыңғысханқызы Аружан Жамбыл жырларындағы батырлар бейнесі ... 50
Хасенов Б.Р., Тыныштық А. Қызыл сөзінің ассоциативтік өрісі ... 54
Омарова Г.Ж., Токтабаева Г.Р., Рахова К.М. Лингвострановедческий потенциал некоторых фразеологизмов с компонентом цвета ... 58

FILOLOGICKÉ VĚDY

JAZYK, ŘEČ, KOMUNIKACE

К. п. н. Желуденко М.А., Сабитова А.П.
Национальный авиационный университет, г. Киев, Украина

АНАЛИЗ ЛЕКСИЧЕСКИХ ИЗМЕНЕНИЙ НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКА (1990-2015)

Общественные, политические и экономические события в стране и мире оказывают влияние на развитие языка, привнося с собой новые понятия как индикатор происходящего. В статье «Изменения в лексике современного немецкого языка Германии» мы рассматривали особенности словарного состава немецкого языка, обусловленные судьбоносными моментами в истории развития страны. Ключевым моментом и точкой отсчета стало объединение Германии 3 октября 1990 года.

На наш взгляд, не менее интересным и важным является анализ изменений в лексике немецкого языка в период с 1990 по 2015 года, поскольку 25 лет существования объединенной Германии не могли не оказать влияния на вектор развития немецкого языка. Профессор Института немецкой и нидерландской филологии д-р Норберт Диттмар, сферой научных исследований которого является изучение лексики Восточной и Западной Германии, назвал этот период в истории Германии «падением языковой стены» («25 Jahre nach Fall der Sprachmauer»). Показательной в этом контексте есть языковая ситуация в Берлине. С одной стороны, столица определенным образом отображает ситуацию в стране, поскольку именно Берлин был разделен на Западный и Восточный. С другой стороны, помимо выраженной и специфической «западной» и «восточной» лексики, существует и берлинский диалект, который также подвержен влиянию основных тенденций развития современного немецкого языка. Сами жители Берлина говорят о себе и своем диалекте: «Die Berliner berlinern».

«Общество немецкого языка» (GfdS) провело опрос, в котором участвовали 1001 жителя Берлина. Опрос касался местного диалекта и специфической лексики, характерной для периода разделения страны. Падение Берлинской стены принесло свободу для граждан, однако одновременно и определенные проблемы, связанные с коммуникацией.

Немецкий языковед д-р Петер Шлобински провел исследование на тему «Берлинский диалект глазами жителей столицы». Основной вывод заключается в том, что типичные «восточные понятия» являются в равной степени значимыми как для западной части Берлина, так и наоборот. При этом существует специфиче-

ские «слова ГДР», которые пережили перемены, употребляются не только в Берлине, но и за его пределами, и были частично заимствованы с Запада.

Ученый-языковед составил глоссарий в большей или меньшей степени употребляемых слов: **etwas anblicken lassen** (etwas von Vorgesetzten bestätigen lassen), **Broiler** (Brathähnchen), **Das fetzt!** (Das ist super / toll / macht Spaß!), **Datsche** (Wochenendhaus), **Feierabendheim** (Altenheim / Pflegeheim), **Feinfrostgemüse** (Tiefkühlgemüse), **Konsum** (Lebensmittelladen, jetzt Supermarkt-Kette), **Kosmonaut** (Astronaut), **Plaste** (Plastik), **Roster** (Bratwurst), **Soljanka** (Suppe mit Letscho, einem beliebten Paprikagemüse ungarischer Art, oder variablen Gemüsesorten wie saure Gurken und Kohl sowie mit Wurst), **Theateranrecht** (Theaterabo), **urst** (super/toll), **werte/werter** (höfliche Form der Anrede; zwischen «Sehr geehrte/r» und «Liebe/r» angesiedelt), **Würzfleisch** (Ragout, aber nicht mit Kalb, sondern mit Schwein oder Geflügel), **Zielstellung** (Zielsetzung).

Д-р Рут Райер, представительница Общества немецкого языка, согласна с Петером Шлобински в том, что прослеживается выравнивание, сбалансирование, слияние лексики ГДР и ФРГ. Однако она подчеркивает, что восточный словарный запас существует на данный момент в основном в виде архаизмов и сохранится и в дальнейшем в таком статусе. Одной из причин сохранения лексики в таком виде она называет необходимость и возможность адекватно анализировать языковую и политическую ситуацию в бывшей ГДР.

Р. Райер также приводит в пример лексику, которая, по ее словам, «не пережила ГДР, поскольку обозначает такие явления, которые уже не существуют»: **Abschnittsbevollmächtigter** (Volkspolizist, der für bestimmte Bereiche in Gemeinden, Stadtbezirken und auf Streckenabschnitten der Reichsbahn zuständig war), **Dorfakademie** (Einrichtung der Erwachsenenbildung in der DDR mit Abendkursen zur beruflichen Fortbildung der Landbevölkerung), **EOS** (Erweiterte Oberschule), **Hausbuch** (über jedes Haus, die jeweiligen Mieter mit Namen, Geburtsdatum und Beruf sowie über Besucher aus dem Westen musste per Meldeordnung Buch geführt werden), **Kaderabteilung** (Personalabteilung), **Klubhausleiter** (in Klubhäusern fanden Theater-, Groß- und Parteiveranstaltungen statt), **Schonplatz** (Arbeitsplatz, der jemandem zugewiesen wird, der aus gesundheitlichen Gründen vorübergehend nicht in der Lage ist, seine übliche Arbeit zu verrichten), **Volkspolizei** (umgangssprachlich Vopo, amtlich DVP, zentralistisch organisierte Polizei).

Таким образом, можно сделать выводы о том, что: 1) в лексике прослеживаются основные эпохи развития страны; 2) лексика является органичной и неотъемлемой частью всех процессов, происходящих в стране.

Литература

1. Желуденко М.А., Сабитова А.П. Изменения в лексике немецкого языка // Нова філологія: зб. наук. праць. – 2009. – № 34. – С. 181-184.

Ұясынан көтеріп салған да –Адам!-деп ақын адамдардың жағыпаздық тұлғасын,құдірет күшін,әдеби ұлы бейнесін жыр өрнегіне дұрыс түсірген.

Адамды, адамдарды ардақтап,көкке көтере жырлаумен қатар,Қадыр ақын оның бойында бар кемшіліктерді де көре біледі. Адамдарда жиі-жиі ұшырайтын ашқарақтықты,тойымсыздықты,қанағатсыздықты ақша тауып байлықты арман ететін дүниеқорлықты»Байлық» атты өлеңіндегі ақынның:

Ақша қуған адамдарда жоқ сенім,
Бар арманы-алтын ұстап өтсе күн.
Ажалменен жатқандада айқасып,
Өзін қойып,
Сені ойлайды

Тек сені!-деген айналамыздағы байлықтың соңына түспейтін миллиондаған қарапайым адамдардың барлығы да құптайтын, мақұлдайтын болса керек. Оның туған халқының арғы- бергі өмірі, тіршілігі туралы өлеңдері өте көп. Сол өлеңдердің барлығын жинақтап айтсақ,қазақ халқы өмірінің көркемдік шежіресі, әдебиеттегі образды тарихи деуге болады. «Бабамыздың шоқ басқан табанымен» атты ел аузында жатталып кеткен атақты өлеңінде ол қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған ұлттық әдет-ғұрып, мінез – құлқын, психологиясын,экономикалық,әлеуметтік, саяси бейнесін тарихи шындыққа сай үлкен көркемдік шеберлікпен суреттеп берді.

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,
Бірдей екен жақсысы жаманымен.
Бір жаманы -тынымсыз көше беоген,
Бір жақсысы- қимаған даланы кең.

Өз елін, халқын өлшеусіз махаббатпен, жан-тәнімен, жалынды жүрегімен беріле сүюдің үлгі-өнегесін де Қадыр Мырза Али өлеңдерінен танимыз.Әсіресе,Қадыр өлеңдерінде 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі кеңес адамдарының қаһармандығы,тап болған алапат қиындықтарға төтеп берген төзімділігі,ғажайып жігер-күш танытуы айқын да көркем бейнелермен берілген. Бұрын-соңды ешкімнің аузынан шықпаған тың образды сөздер де ақын өлеңдерінде жиі ұшырайды.

Қадыр Мырза Али-эпик ақын.Ол XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі поэма жанрының өсіп жетілуіне көп еңбек сіңірген ғұлама.

Әдебиет:

1. Дүйсенбаев Ы. Эпос және ақындар мұрасы.-Алматы:Ғылым,1987
2. Жұмағалиев З. Дауылды жылдар шежіресі.-Алматы:Мектеп,1987
3. Қирабаев С. Таланқа құрмет.-Алматы:Жазушы,1988-245б
4. Омаров І. Әдеби толғамдар.- Алматы: Жазушы,1988-397б
5. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Алматы, 2005ж

Сураншиева Р.К., Байғазиева А.
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекттік университеті, Қазақстан

ҰЛТ МАҚТАҒАН ДАРА ТҰЛҒА – ҚАДЫР МЫРЗА ӘЛИ

Қадыр –негізінен ұлттық ақын. Ұлттық ақын болғанда қазақ халқының ақыны.Қадыр Мырза Әли –ең алғаш өзінің шығармашылық жолын балаларға арнап өлеңдер жазудан бастаған ақын. Ал , балаларға арнап шығарма жазудың өзіндік ерекшелігі ,көптеген қиындықтары бар. Балалаға арнап шығарма жазу үшін автордың балалардың мінез- құлқын ,психологиясын, қабылдау дәрежесін жете білу аса қажет. Қ.Мырза Әли балалардың психологиясын,мінез-құлқын ,қабылдау ерекшелігін әбден зерттеп,біліп,меңгеріп барып,шығарма жазумен айналысқан педагог жазушы екенін танытты. Ақын шығармалары көптеген халықтар тілінде және ағылшын, француз,неміс,поляк, балгар , венгер ,манғол,фин тілінде аударылған. Бәрі де бала жүрегін жаулап алатын,олардың жан дүниесін тербетер ,әдемі,көрікті. Өмірге келген әрбір жасөспірімнің білім қорын байытып,өмірлік сабақ алуынаұйымды түрде тікелей жәрдемдесетін еңбектер.ХХғасырдың 60-жылдарынан бергі жарты ғасырға жуық ақын шығармалары ересек оқырмандарға арналды.1965 жылы жарық көрген «Ой орманы»өлеңдер жинағындағы мазмұны терең ,көркемдік дәрежесі биік өлеңдерімен –ақ ақын қалың оқырманың жылы ықыласына бөленіп,бірден әдеби әдеби қауымға жете танылабастады.Оған дәлел -1966 жылы «Ойарманы» өлеңдер жинағыүшін ақынға Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының берілуі. Одан кейінгі жылдары ол өндіре жазып ,көптеген көптеген өлең кітаптарын бастырды. «Дала дидары»(1966), «Бұлбұл бағы»1967,»Ақ отау»(1968), «Домбыра»(1970), «Алақан»(1977)т.б. Ақын біткеннің негізгі тақырыбы ортақ болғанмен , олардың әрқасысының өзіндік ерекшелігі де болатыны даусыз. Адамды жырлауда Қадыр ақынның өзіндік ерекшелігі ,мәнері көркемдік қолтаңбасы айқын көзге шалынады. Мәселен,адамның жан дүниесінің алуан-алуан сырлары бар екенін,адам өмірінің күрделілігін ақынның өзіншежыр өрнегіне түсіруге талпынуын көреміз. Қадыр ақын үнемі адам бойынан изгілікті ,жақсылықты ,жарқын сипаттарды іздеп табуға ұмтылған ақын.Адам басындағы сол ұнамды қасиеттерді биік шабытпен жырлаған.Оның өлеңдерінен ақынның адамға деген шынайы сүйіспеншілігі, махаббаты жарқырап көзге түсіп отырады

Сезетұғын сияқты осы бастан бекем ұл

Дүниенің тұтқасы Адамдарда екенін!- деп Қадыр ақын жер бетіндегі барлық қоғамның тетігі,тіршілігі, бет-бейнесі адам деп біледі.

Күн нұрына арманын малғанда –Адам.

Жақсылықпен бір тыныс алған да –Адам.

Құлап түскен торғайдың балапанын

2. Ruthe Schneeberger. Fetzt urst ein. Überbleibsel aus der DDR [Електронний ресурс] // Süddeutsche Zeitung. – Режим доступу: http://www.sueddeutsche.de/leben/ueberbleibsel-aus-der-ddr-fetzt-urst-ein-1.2219140

3. GfdS. Berliner Dialekt in der Einschätzung der Bürger der Stadt [Електронний ресурс] // GfdS. – Режим доступу: http://gfds.de/der-berliner-dialekt-in-der-einschaetzung-der-buerger-der-stadt/

Халық Гүлдерайым Болатқызы,
А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «Филология: қазақ тілі» мамандығының 2 курс магистранты

ДҮНИЕНІҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІНІҢ АНТРОПОЦЕНТРИСТІК БАҒЫТТАҒЫ КӨРІНІСІ

Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі. Сондықтан бүгінгі таңда тілдің құрылымдық, коммуникациялық қызметтерінен басқа да қырларын, қасиеттерін анықтау терең зерттеуді талап етіп отыр.

Атап айтқанда, тіл мен адамның өзара тығыз қатынасына қарай анықталған салаларды былай көрсетуге болады: адамның тілі мен рухани белсенділігі; тіл мен адам физиологиясы; тіл мен ойлау, сана әрекеті; тіл мен мәдениет; тіл және адамның қарым-қатынасы; тіл мен қоғам; тіл мен адам құндылықтары; тіл және таным. Адамның тілге, тілдің адамға өзара ықпал етуінен туындаған осы салалардың әрқайсысының өзіндік *зерттеу* нысаны, тәсілдері, қолданылу аясы бар. Қазіргі тіл білімінде *әлеуметтік лингвистика* (тіл мен қоғам арақатынасын зерттейтін сала), *психолингвистика* (индивидтің тұлғалық мінез-құлқы мен ұғымды қабылдау, оны санада өңдеу қасиеттерінің тілде көрініс табуы), *лингвомәдениеттану* (тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы негізінде ұлт мәдениетінің тілде сақталуы, тілде көрініс табуы, сол тіл арқылы ұлтты, оның мәдениетін таныта білу ерекшеліктер), *этнолингвистика* (тілдегі ұлттық бірліктердің мазмұны мен мәнін ұлттың тарихынан, халықтың рухани мәдениетінен, халықтың менталитетінен, халықтың шығармашылығынан іздеу) салалары тілді антропологиялық бағытта қарастыруда.

Дүниенің тілдік бейнесін жасаудағы басты ұстанымдардың бірі – антропоцентристік ұстаным. Антропоцентризм деген – «адам» және «центризм» деген екі сөз (ұғым) қосылып, адамның дүниетанымдағы рөлін көрсететін философиялық термин. Ол «дүниенің, әлемнің бәрі адам үшін, адамның игілігі үшін» деген ұғымға саяды. Яғни антропоцентризм – дүниені, тілді адами тұрғыдан, адам үшін түсіндіретін концепция.

Тілді антропоцентристік тұрғыдан зерттеуге негіз болатын бұл салалардың барлығы түптеп келгенде, мынадай мәселелерді шешуді көздейді: адамның тілге қалай ықпал жасайтынын анықтау және тілдің адам санасына, ойлауына, мәдениетіне қалай әсер ететінін, қандай қызмет ететінін анықтау т.б. Тілді зерттеудің антропоцентристік бағыты тіл біліміндегі адамның тілдік факторы мәселесін, тілдің адамға қызмет ету мәселесі, тіл арқылы адамның табиғаты мәселесін ашумен тікелей байланысты.

Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулер нәтижесі мен анықтамаларды сараптай келіп, біздің ойымызша, когнитивтік лингвистиканы тіл білімінің антропоөзектік бағытқа сүйенген саласы деп түсінуге болатын сияқты. Когнитивтік құрылымның негізгі элементтерінің бірі – *концепт.* Қазіргі лингвистикада *«концепт»* термині көптеген пікірталастың өзегіне айналғаны, осыған байланысты бірнеше ғылыми бағыттар қалыптасқаны белгілі. Соған орай *«концепт»* терминіне берілген анықтамалар да алуан түрлі.

Тіл біліміндегі танымдық бағыттың негізгі когнитивті бірліктерінің бірі – концепт екендігі белгілі. Бұл ұғым туралы зерттеулер XX ғасырдан басталады. *«Концепт»* терминін тіл аясындағы мәселелерге қатысты пайдалануды өткен ғасырдың бірінші жартысында тұңғыш рет орыс философы С.А.Аскольдов ұсынған. Ол «Концепт и слово» атты еңбегінде *концептіні* былайша ұғындырады: «...мысленное образование, которое замещает нам в процессе мысли неопределенное множество предметов одного и того же рода» [1, 12].

Концептке қатысты алғашқы еңбектерде ол адамның мәдени, рухани танымын білдіруде маңызды рөл атқарған. А.Вежбицкая концепт идеалды дүниенің объектісі, ол субъектінің дүние туралы танымынан көрінеді дейді. Ғалым: «Языковая концептуализация различна в разных культурах... Язык отражает происходящее в сознании, а не в мозгу, наше же сознание формируется, в частности, и под воздействием окружающей нас культуры. Концептуальные универсалии действительно существуют, но я думаю, что они могут быть обнаружены только путем концептуального анализа, основаннного на данных многих языков мира...» – деп жазса [2, 239], М.В.Никитин концептіні «таңба арқылы танылған ұғым» дейді [3].

Концепт термині қолданысқа енуімен байланысты тіл ғылымында оның ұғымнан, мағынадан айырмашылықтары туралы мәселе қарастырыла бастады. Бұл мәселеде кейбір ғалымдар концепт пен ұғым терминдері ұқсас деп тауып, олардың бірін ғана қолдануды ұсынса, енді бір ғалымдар бұл терминдердің екеуінің де қолданылу аясы бар деп, оларды ажыратып көрсетеді. Концептіге берілген «санада қалыптасқан логикалық болмыс», «бейнелер жиынтығы», «ақиқат дүниенің мәдени бейнесі» т.б анықтамалардан байқағанымыздай, оны әр түрлі аспектіден қарастыруға болатындығы байқалады. Сонымен қатар концептілер өз ішінде санада танылу деңгейіне қарай да жіктеледі. Айталық, өмір, өлім концептілері метафизикалық концептіге жатса, қуаныш, қайғы, бақыт концептілері эмоциялық концептіге жатады.

түсінуге деген ізденіс десе де болады. «Жүрекпен ойналған бейне жүректерге жетеді» деудің астында, сол бейнені жүрекке жеткізетін ұлы күш – «ақылды» ұмытып кетіп жатамыз. Демек, «жүрек көзі» дегеніміз Ақыл. Ой. Парасат. Санада сараланбаған образ, жүректе тербелмеген бейне көпшіліктің көңіліне жетпейді. Не ойнап тұрғаныңды өзің де жөнді білмеген соң, оны көрерменнің түсіне қоюы нейғабіл.Көрермен көңіліне аяушылық сезімін бірден оятатын қасиетке толы образ. Көңіл сүсініп, көз тоярлық бейнесі бар сырбаз сахнагер қай рөлді болмасын, санасымен саралап, ақылға салып, оны өміршең бір бөлігі етіп, сахнаға шығарады. Болашақ актер шыққан бетінен бастап, шымылдық жабылғанша сахнаны өмірдің бір бөлшегіндей етіп қабылдау керек. Режиссерлық жұмыс барысында бірсарындылыққа ұрынбас үшін, қиял көкжиегін кеңейту негізінде студент – актерларге көп еркіндік беру. Іздену нәтижесінен туындаған сахнагерлердің төл тапқырлықтарын көрермен талқысына салуларына мол мүмкіндік бергеннен ұтпаса, ұтылмайтынымыз ақиқат. Театр өнері көрерменнің өзгелерге деген, басқа халықтар өмірі мен қоғам тіршілігіне деген ынта – ықыласын арттырумен қатар, достық сезімін де күшейте түсуге игі әсер етеді.Театрдағы ең басты тұлға ұлы мәртебелі актер. Драматург, режиссер өз ой, идеясын сахнаға актерсіз шығара алмайды. Актерлық өнер білектің емес жүректің ісі. Актерлардың сахнада ойын көрсетуінің басты ерекшелігі оның жүрек қағысына байланысты. Ол жүрек бүгінгі қағысын ертең қайталай алмайды. Міне сондықтанда театр өнері жанды тірі организм. Режиссер – сахнада драмалық туынды мен көркемдік элементтерді біріктіріп, үйлестіріп, қоғамдық – әлеуметтік немесе моральдық – психологиялық мәселелер төңірегінде ой тастайтын басты тұлға. Мұсылмандар немесе христиандар әрдайым құлшылық ету жағдайында болады, яғни ол дегеніміз – жан, тән тазалығы. Актер мен режиссер де осы күйде, репетицияларға намаз алдындағыдай таза болуы керек. Жаныңның тазалығын қадағаламасаң шығармашылық жолында ешқандай нәтиже шығара алмайсың, ал театрға қасиетті орынға келгендей таза болып келсең, спектакль өз – өзімен жүре бастайды деп режиссер таза өнердің құпияларын үйретуі тиіс. Ал, сахна – киелі орын. Онда нағыз өмір өтіп жатады. Өнерге айналған өмірді сахнадан көру арқылы адам болмысы да жетіледі. Жетіле түседі. Жамандауға баспауға дағдыланырады. Бос белбеу болмауға талпындырады. Ұлтыңның жоғын іздеуге талпындырады.

Әдебиет:

1. Республикалық театр-танымдық әдеби көркем журнал №7. 6-9 бет.
2. Республикалық театр танымдық әдеби көркем журнал. №5, 48-49 бет,
3. Әубәкір Рахимов «Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін» Алматы тарих тағылымы, 2010 жыл. 38 – 46 бет

HUDEBNÍ VĚDA

Куненова П.С., Мағзұмова Р
М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, Қазақстан

ӨНЕРІМ – ӨМІРІМ. ӨМІРІМ – ӨНЕРІМ!

«Өнерім – өмірім. Өмірім – өнерім!». Әрбір жастың өнер әлеміне деген іңкәрлігі мектеп жасынан түрлі өнер үйірмелеріне қатысып, ән айтып, мектепішілік қоғамдық жұмыстарға белсене араласып жүріп оянады. Өнер әлемі қызықтырып, сахна өмірі ынтықтырып, сәби жүрекке театр атты жұмбағы мол сиқырлы патшалық сағымтаудан қол бұлғағандай болып, арманы алға жетелейді. Табиғи дарындылықтың өзі ұстаздың алдын көрмесе көркемдік қуатын жоғалтып алатындығы мәлім. Оқуға түсуге келгенде жас та болса талабы зор өренді сахна өнеріне баулып, талантын қырлау. Терең судың пайдасы мен бірге залалы да бар. Одан сақтану үшін шәкірттерді терең жүзе білуге үйрету керек. Бұл жолда, әсіресе, жас мамандарға артылар жүктің салмағы басым. Жас мамндарда өзін-өзі тәрбиелеуге, бейімділіктерін дамытуға үйретіп, рухани адамгершілікке тәрбиелеу маңызды. Жаңа технологияны үйренуге, меңгеруге баулу қажет. Осы арқылы жас мамандардың мотивациясын арттыру керек. Дәл осы мақсатта кафедрада ғылыми- шығармашылық апталықтары өткізіліп тұрады. Кафедраның қоғамдық өміріндегі алатын орны мен атқаратын ролі, болашақ жас мамандардың ауызбіршілігін тудырып, көппен жұмыс істей білудің маңыздылығын айқындайтын үрдіс болды. Жас мамандарды іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктерімен таныстырып, жаңа технологияның оңтайлы әдістерін қолдана білуге үйретуді мақсат еткен іс-шаралар барысында жас мамандар өз іс әрекет нәтижесін жобалай білу тәсілдерін меңгереді. «Адамның өз бойындағы талантты ашуға ең алдымен көп ізденуі, көп оқуы, білімді болуы және уақытты нәтижелі пайдалана білуі көмектеседі. Талантты ашудың бірден – бір жолы – білімділік, ізденімпаздық. Үнемі ақпараттараға шолу жасау, өзара шығармашылық – тәжірибелік сабақтарға қатысу да өз жемісін береді. Осындай іс-шаралар арқылы студенттердің жаңаша ойлау қабілеті қалыптасады, зерттеумен, ізденумен айналысады, іс-әрекет нәтижесін жобалай білу қалыптасады. Шығармашылық сабақтарда мезансценаның өзі берілген рольге толығымен енуге үлкен әсер етеді. Әр болашақ актердың «жүрек көзі» болуы керек. Өзіне ұсынылған рольді нәтижелі етіп алып шығуына ол зор көмек береді. Ойналған бір рөл бастан аяқ мінсіз шығуы мүмкін емес. Сондықтан да, кез келген образды даярлауда Станиславский жасап кеткен «өз-өзіңмен жұмыс» және «рөлмен жұмыс» жасау өте маңызды. Өз-өзіңмен жұмыс жасауға дене бітімінің өз формасын жоғалтып алмауы мақсатында, күнделікті жаттығуларды үздіксіз қадалау кіреді. «Рөлмен жұмыс» жасау, образыңды толығымен танып-

Көркем шығармада автор өзінің өмірге көзқарасын, ой-пікірін, ақиқат дүниеге қатынасын білдіріп отырады. Адамның ақиқат дүниеге қатынасы тілдік құралдар арқылы беріліп, соның негізінде ақпарат жүйесі қалыптасады. Бұл ғалам бейнесін бейнелейтін ақпарат жүйесі автордың ғалам туралы концептуалды тұжырымдамаларынан көрінеді. Демек, көркем шығармаға концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білімді анықтау үшін қажет. Кез келген көркем шығарманы тек лингвостилистикалық талдаумен, яғни шығарманың көркемдік ерекшелігін талдаумен шектеуге болмайды. Мұндайда автор шеберлігі, оның ақиқат дүние туралы таным-түсінігі, көзқарасы айқын көрінбейді. Осы ретте концептілік талдау автордың ақиқат дүниеге қатынасын айқындап, көркем шығарманы талдаудың екінші бір қырын ашатын бірден бір тілдік құрал ретінде қызмет етеді. Автор ақиқат дүниеге көзқарасын білдіру арқылы сол дүние туралы білім қалыптастырады. Мұны ғаламның тілдік бейнесі дейміз.

Ғалам бейнесінің вербалды сипатын ашуда «концепт» ұғымының маңызы ерекше. Концепт тілдің болмысын анықтайтын табиғат пен қоғамдағы құбылыстардың нақты көрінісі.

Ю.С.Степанов «концепт существует в ментальном мире человека не виде четких понятий, а как «пучок» представлений, понятии, знаний, ассоциаций, переживаний, который сопровождает слова: «концепты не только мыслятся, они переживаются. Они – предмет эмоций, симпатий и антипатий, а иногда и столкновений», – дейді [4, 43].

Концепт сөзіне сөздіктерде мынадай анықтамалар берілген: Л.Л.Нелюбиннің «Толковый переводоведческий словарь» [5] еңбегінде концепт – ұғым мазмұны; ой, түсінік» делінсе, «Латын- орыс сөздігінде 1) байланыс, жиынтық, жүйе; 2) қойма; 3) заң актілерін тұжырымдау; 4) ұрық қабылдау; 5) сөйлем деп жазылған [6, 222].

Концепт бір сөздің беретін ұғымы, түсінігі емес, күрделі семантикалық бірлік. Ол тілдік бірліктердің қандайын болса да (сөз, сөз тіркесі, сөйлем, дискурс) белгілей алатын, семантикалық өріс ретінде де көрініс беретін мағына. Онсыз ол концепт деңгейіне көтеріле алмайды.

Көркем шығармаға концептілік талдау ғаламның тілдік бейнесі туралы білім қалыптастыру мақсатында жасалады. В.И.Постовалова «концептілік талдаудың мақсаты – бір ғана таңбаның аясында жинақталатын жалпы концептілерді тауып, когнитивті құрылымындағы сол таңбаның болмыс-бітімін анықтау» деп түсіндіреді [7, 80].

Қазақ тіліндегі концептілерді М.А. Күштаева: «концептіні адам дүние танымындағы әлем туралы ақиқат болмысты бейнелейтін когнитивті бірлік ретінде қарастыра келе, адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері бейнеленген жеке атаулары бар ғаламның тілдік бейнесі, концепт терминіне «рухани мәдениеттің тірек сөздері» мағынасында ғана түсінбейміз, себебі тірек сөз концепт сөзіне емес «мәдени концепт» тіркесіне балама ретінде қолданылады» [8, 104] дегенді айтады.

С. Жапақов: «концепт дегеніміз индивидтің, тілдік ұжымның, лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» [9, 104]- дейді.

Ш. Елемесова концептілерге көркем мәтіннің ассоциативті концептілік құрылымы арқылы келе отырып: «Концепт базалық когнитивтік маңыздылық ретінде мәнді пайдаланатын сөздермен байланыстырушы концептуализация маңыздылық ретінде шындықтың адам миында бейнеленуі» [10, 104] – деп атайды.

Дүниенің тілдік бейнесі ұлттық мәдениет контексінде қарастырған А.Исламның пікірінше: «*Концепт* дегеніміз – ұлттық дүниетанымның ықшам да, терең мағыналы дүниетаным құндылықтарын айқындайтын тілде көрініс тапқан күрделі бірлік. Әр ұлттың *концептілер* жүйесін дүниетаным құндылықтары құрайды. *Концептілер* бір-бірімен тығыз байланыста болып, бір-бірінен туындап отырады. Әр қоғамның даму кезеңдерге сәйкес тіл мен мәдениет иелерінің абстрактілі *концептілерді* танып түсінуінде өзгерістер болғанымен, негізгі мәдени, дүниетанымдық мәні өзгеріссіз ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады» [11, 439].

Сонымен адамзат баласы жасаған базалық рухани құндылықтар мен материалдық мәдениетті білдіретін тілдік модельдерді концепт ретінде тануға болады. Себебі тілдік модельдердің фондық негізінде ойлаудың логикалық моделі жатады. Жалпы логикалық модельге деректі дерексіз ұғымдар мен таным түсініктер топтастырыла келе ақиқаттағы обьектінің сонымен бірге когнитивті санадағы ментальды модусының тілдік обьективтенуі болып табылады. Әрбір ұлттың өзіндік менталитетін, когнитивті түсінігін, сана-сезімін, өзіндік жаратылысы табиғатын яғни бүкіл мәдени болмыс бітімін тілдің негізінде танып білуге болады. Осыдан барып бірде лингвомәдениеттанудың, бірде когнитивті лингвистиканың категориясы болып танылып жүрген концепт терминін когнитивті лингвистиканың басты обьектісі деп тануымызға болады.

Когнитивті лингвистика тілдік құралдардың когнитивті теориясы – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан лингвистика ғылымын бір жүйеге түсіру мен құрудың құралы. Жеке бір сөздің толық концептісі оның семантикалық және ассоциациялық өрісі негізінде айқындала түседі. Сөздің семантикалық және ассоциациялық өрісінің негізінде пайда болған ақпараттың ішкі құрылымына когнитивті және прагматикалық мағыналардың элементтері де енеді. Осыдан барып «мәдени концепт» деп танылатын лексема концепт түзудегі өзінің лексиконы, мағыналас тізбектері ассоциациялық қатынасы бар және семантикалық өрісі қомақты номинацияларды жатқызуға болады.

Қорыта келгенде, концепт термині ақиқат дүниені когнитивті тұрғыда тануға ғаламның тілдік бейнесін түсінуге мүмкіндік береді. Адамның жекелеген немесе жалпытілдік ұжымының лингвистикалық қоғамдастықтың ғаламды тану арқылы ғасырлар бойы жинақталған болашақта өз жалғасын таба беретін білім жүйесінің жиынтығы.

сүйіктісі – бұлбұл құстай сайрату үшін шығардым», – деген екен. Күйде құстың сайрауы асқан шеберлікпен суреттелген. Күй речитативті сипаттағы бір әуенді қайталай отырып, қуаныш сезіміне бөлейтін жүрек елжіретерлік, терең эмоциялы мазмұнға толы. Табиғаттың образы – бұлбұлдың әні мен сайрауы көркемдікті молықтыра түседі. «Бұлбұл» аса жарқын реалистік шығарма.

Бекіту. Ойындар.

1.»Біріктір»

Екі қатардағы сөздерді біріктіру қажет.

Дина Динаның күйі
Бұлбұл әйгілі күйші -композитор
Жамбыл Динаның ұстазы
Құрманғазы халық ақыны

2.»Толықтыр»

Халқы ардақтаған екі алып – ....
Сүйінбай Аронұлы жас ақын Жамбылға: «... ... ... « деді.
Әйгілі ... Динаны өзі іздеп келіп, батасын берді.
Бұлбұл күйінде ... аса шеберлікпен суреттелген .

Динаның шығармашылығы жайлы С. Бақбергенов «... ....» атты роман жазды.

Қолданылатын сөздер: Шындықты айт, әділдікті жырла; Қайран шешем, Жамбыл мен Дина, құстың сайрауы, Құрманғазы.

Үйге тапсырма. Тақырыпты оқып келу, Жамбыл мен Дина жайында қосымша мәліметтер жинақтау.

Қорытынды.

Бағалау.

Бүгінгі оқыту оқушы қабілеті, оны жан-жақты дамыту, даму әрекеттерін ұйымдастырудың қажеттігін дәлелдеп отыр. Біздің әрекетіміз –баланың сабақ үстіндегі әрекетін ұйымдастыра отырып, әрекет нәтижесін байқау, қабілетімен еркін атқара алатын ісі, соның нәтижесіндегі тұжырымына қол жеткізу болып табылады.

Айтыс ақыны болып жүріп мысқылшыл уытты өлеңдерді табанда айтып тастауға машықтанады және жырларында өз заманындағы ақындардың көбінен озық екенін танытады. 1946 жылы Жамбылдың туғанына жүз жыл толуын республикамыз үлкен мереке етіп өткізді. Жамбыл шығармаларының академиялық жинағы басылды. Кейінгі жылдарда ақын еңбектері бірнеше рет орыс тілінде басылып шықты. Ғалымдар Жамбыл поэзиясының ерекшеліктерін зерттеп, ғылыми еңбектер жазды. Жамбыл үйі мұражайға айналдырылды. Байтақ Отанымыз бен шетелден келген қонақтар осы мұражайға келіп, ақынның өмірімен танысады, шығармаларын оқиды.

Дина Нұрпейісова (1861 – 1955 жж.) Дина Нүрпейіс келіні Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданына қарасты, Бекетай құмы деген жерде дүниеге келген. Ол тоғыз жасының өзінде – ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Баламйсан сияқты күйшілердің күйлерін нақышына келтіре орындап «Домбырашы қыз» атанған. Әйгілі Құрманғазы Динаны өзі іздеп келіп, батасын берген. Дина тоғыз жасынан, он тоғыз жасына дейін қашан ұзатылғанша Құрманғазының баулуында болады. Сол Дина 90 – жасында Құрманғазының күйін шабыттана тартып, дүйім жұртты таң қалдырады. 1937 жылы 75 жасында Дина Алматыға тұңғыш келіп, құдіретті өнерімен бүкіл республикаға ден қойғызады. Ол осы сапарында халық өнерпаздарының Бүкіл Қазақстандық байқауында бірінші орынға ие болады. 1944 жылы 83 – жасында Орта Азия Республикаларының қатысқан жарысында да жеңімпаз атанады. Динаның шығармашылығы жайлы С.Бақбергенов «Қайран шешем» (1963ж) атты роман жазды. Дина қазақтың күйшілік өнеріне өшпес із қалдырған біртуар дарын. Егер оның күйшілік бастау алған тегін іздеу керек болса Дәулеткерей мен Құрманғазыға қарай бұру керек. Екі ұлы күйшіден сусындаған Динаның өзіндік өрнегін тапқан күйші. Дәулеткерей мен Құрманғазының өршіл рухы Динаның қос қанатындай болған. Динаның күйлері: «Ана бұйрығы», «Әсем қоңыр», «Байжұма», «Бозшолақ», «Бұлбұл», «Домалатпай», «Жеңіс», «Жігер», «Кербез», «Қосалқа», «Тойбастар», «Шынар» т. б.

Сергіту сәті.

Жел улейді у-у

Құйын келіп билейді зу-зу

Қатты, қатты жел соқты гу-гу

Жапырақтар қол соқты ду-ду

Музыка тыңдату.

- Балалар, қазір біз Дина Нұрпейісованың бір күйін тыңдаймыз.

- Күйден қандай әсер алдыңыз? Көз алдыңызға не елестеді? Күй не туралы?

- Қандай аспаппен орындалып тұр?

Дина Нұрпейісованың «Бұлбұл» күйінің тарихымен таныстыру.

«Бұлбұл» – бұл күй жөнінде Дина: «Мен «Бұлбұл» күйін бұлбұлдың үні сияқты дыбыстар мен түрлі дыбыс әуендерін шығарып, домбыраны табиғаттың

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1Байғұтова А.М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Фил. ғыл. док. дис. автореферат. – Алматы. 2008.

2 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М.: Русские словари, 1996.– 416с.

3 Никитин М.В. Лексическое значение в слове и словосочетании. – Владимир: ВПИ, 1974.– 224 с.

4 Степанов Ю.С. Константы. Словарь русской культуры. – М.: Академический проект, 2001.–990 с.

5 Нелюбин Л.Л. Толковый переводоведческий словарь. – М.: Флинта: Наука, 2003.–320 с.

6 Дворецкий И.Х. Латинско-русский словарь.– Москва: Русский язык, 1976.–1096 с.

7 Постовалова В.И. Роль человеческого фактора в языке: Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988. – 216с.

8 Күштаева Т.М. «Тары» концептісінің семантикалық құрылым мен лингвомәдени мазмұны: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы: Тіл білімі институты, 2002.– 192 б.

9 Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері: филол. ғыл. канд. ... автореф.:19.09.03. – Алматы: Тіл білімі институты, 2003. –28 б.

10 Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.10.03. – Алматы: Тіл білімі институты, 2003.– 27 б.

11 Ислам А. Тілдік дүние суреті: «концепт» және «ұғым» //С.Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы, 2004.- 439-445 бб.

Айтбаева Айман Ералықызы
ф.ғ.к., доцент
Шыңғысханқызы Аружан
К-13-1 оқу тобы студенті
Қорқыт ата атындағы ҚМУ

ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, жамбылтану ілімінің басында тұрған ғалым М.Жолдасбекұлының абыз ақын Жамбыл Жабаев жайында айтқан бағасы әділ де барынша нанымды: «Жамбыл –көмейінен жыр қоздаған дана, қара өлеңнің сарқылмайтын бұлағы, жырдың асыл кені, тіккен туы, жырдан ұрық сепкен, өлеңді өрнектеп төккен, қойдай тоғытқан, ақындықтың апшысын қуырған, жырдың өрісін ұзартқан, жырға қанат байлаған,

ақындықтың жолбарысын жетектеген құдірет. Дұшпанның тынысын тарылтқан жырдың ақ семсері. Асыл жырдың асқар тауын орнатқан, өлеңнің тау мен тасын құлатқан асау өзен, ағып жатқан сел, жырдың дауылы, өлеңнің қара бораны. Елге жыры ем болған – сөзден туған дана,терең теңіздің тұнбасы, өленді тірілткен кәрі қуат, биік бәйтерек»\1,372\

Бала күнінде Бөлтірік шешен Жамбылдың қолын ұстап тұрып: «Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болады екен»,-депті. Аузы дуалы, сөзі киелі Бөлтірік бабамыз болжағандай, Жамбыл «XX ғасырдың Гомері атанған», әлемді таң қалдырған ғажайып құбылыс болды. Тау халықтарында керемет бір дәстүр бар екен. Бір жас ақынның аты таныла қалса, бұл ақын, ана ақыннан да мықты деп төрге шығарып, құрметтейді екен. Қазақ бірін-бірі мұқалтпаса, аяғынан шалып құлатпаса, күндемесе күнелтпейтін маңдайына жазылған жазылмас дерті бар емес пе? Сол бір жаман қылығымен Жамбылдың да артына шам алып түсіп, артынан Мәскеуге қарай «Жамбыл деген ақын түгіл, адам жоқ. Ойдан қиыстырған қиял»деп арызын бұрқыратқан. Содан Мәскеуден жазушы Л.Соболев арыздың анық-қанығына жету мақсатында жанына М.Әуезов, Ә.Тәжібаевты ертіп, Ұзынағаштағы Жамбыл ақынның үйіне барып түседі. Жамбылдың табиғат сыйлаған дара талантына, кемеңгерлігіне бас иеді. Құдіретті ақынды жоқ деп даттаған жалақорларға ренішін білдіреді.

«Бізге импровизаторлық өнер өткеннің романтикасы тәрізді. Менің жеке басым «Сирано де Бержакты» сахнадан он рет көруге әзірмін... Бірақ қазір де ондайлар бар деушілерге, өмір бойы өленмен, өлең болғанда қандай өлең классикалық өленмен сөйлейтін адам болады деуге сенбеуші едім. Ал Жамбылдың «Манасты» он жеті күн, «Көрғұлыны» он бес күн айта алатынына, барлық қазақ эпосын, өзіне дейінгі ақындар айтысын жатқа білетіндігіне, бір басында миллионнан астам өлең жолдары бар дегенге көзім әбден жетті. Жамбыл түсінде де өлең шығарады деген шындыққа жолықтым. Бұл ғажап екен! Мен Жамбыл университетінің тайниктерінің есігін аштым. Мұны көрген көзде арман жоқ»\2,165\. Л.Соболевтың ой-пікірінен-ақ Жамбылдың эпик, абыз жырау әрі жауынгер жыршы, тапқыр шешен болғандығын көреміз. Ол байтақ қазақ даласының жыр дариясына кенелткен, осы өнерді ілгері дамытқан, жаңа биікке көтерген ұлы ақындардың, жыраулардың ең соңғы үздігі.

М.Әуезов сөзімен айтар болсақ : «Жамбыл Жетісудың төрінде, жырдың тұнып тұрған, дәуірлеп тұрған шағында туған. Жамбылдың өз айналасына келгенде қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өленді көруге болады»\3,270\. Жамбыл –Сұраншы батырдың ұрпағы. Ақынның атасы Жабайдың әкесі Ыстыбай да батыр болған. М.Дүйсеновтің мына пікірімен келіскіміз келмейді: «Жамбылдың «Өтеген батырында» бүкіл халықтың перзент тілеуі өздерін шетел басқыншыларынан құтқаратын батырды аңсауға құрылған. Бұдан кейінгі сюжет дәстүрлі арнаға түсіп кетеді. Эпизодтың шешімі тың, өзгеше. Яғни, болашақ батыр текті адамның үйінде емес, қарапайым халық өкілінің үйінде туады»\4,118\. Қарапайым халық өкілі неге тексіз болмақ?

Сабақтың тақырыбы: «Халқы ардақтаған екі алып – Жамбыл мен Дина»

Сабақтың мақсаты: Білімділік: Халқы ардақтаған екі алып – Жамбыл мен Динаның өмірбаяны жайлы әңгімелеу;

Дамытушылық: Күй тыңдату арқылы оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту, күй өнеріне деген ынта ықыласын арттыру;

Тәрбиелік: Өз халқының музыкалық мәдениетін дамыту,көркемдікке баулу.

Сабақтың түрі: жаңа сабақ

Сабақтың әдістері: музыка тыңдату, сергіту, сұрақ- жауап,

Көрнекілігі: акынның, күйшінің портреттері, домбыра, үнтаспа.

Технология: дамыта оқыту

Сабақ барысы:

Ұйымдастыру. Әуенмен амандасу.

Жаңа сабақ

Қызығушылығын ояту. (Сұрақтар арқылы мәлімет алу.)

- Күйші деген кім, ақын деген кім?

Дина мен Жамбылдың портреттерін көрсету.

- Кімдердің суретін көріп тұрсыңдар?
- Жамбыл Жабаев пен Дина Нұрпейісова.
- Жамбыл Жабаев кім? Дина Нұрпейісова кім?

Топтастыру. Дина: Ана, Ардақты әже, Күй анасы.

Жамбыл: Ақын, Айтыскер

Ендеше, бүгінгі өтетін тақырыбымыз – «Халқы ардақтаған екі алып – Жамбыл мен Дина» деп аталады .

Суреттер сөйлейді. Өмірбаянынан мәлімет беріледі.

Жамбыл Жабаев (1846 – 1945жж.) қазіргі Жамбыл облысында, Шу өзенінің бойындағы Жамбыл тауының етегінде 1846 жылы ақпан айында туған. Әкесі Жапа кедей шаруа болған. Жамбыл жоқшылық тұрмыста өседі. Ес білген соң әкесі оны ауыл молдасына оқуға береді. Ол кездегі оқудың үйрететіні – көбіне діни насихат, ұрып – соғу, дүрелеу болатын. Бірақ молданың мұндай қорлығына шыдай алмай, Жамбыл оқуды тастап кетеді. Жаратылысынан пысық, зерек бала оқып білім алмаса да, жастайынан ән мен өленге құмар болады, ақындық өнерді сүйеді, ауызекі естіген өлендерін жаттап алып жүреді. Сүйінбай Аронұлы жас ақынның талантын көріп: «... Балам,өз өленіңді шығар, бірақ оның жұрт жаттап алатын, ешкім ұмытпайтын өлең болсын, сенің өленің жеке адамдардың көңілін көтеріп, солардың сүйініп отыратын өлені болмасын, бүкіл халық сүйіп тыңдайтын өлең болсын. Көмекейің емес, жүрегің сөйлейтін болсын. Шындықты айт, әділдікті жырла, көне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, тың жолға, даңғыл жолға түс, төңірегіңде не болып жатыр, соны аңғар, соны біл», – депті. Қазақтың ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерінен көп үйренген Жамбыл өзінің өлең шығару шеберлігін де, айтыстағы шеберлігін де арттыра түседі. Жамбыл айтыста Сарбас, Досмағамбет, Құлмамбет сияқты бірсыпыра ақындарды жеңген.

Дущанова Ақманар Ұзақбайқызы,
ҚР, БҚО, Орал қаласы, №14ЖОББМ-тің
музыка пәні мұғалімі

МУЗЫКА САБАҒЫН ЖАҢАША ОҚЫТУ – ЗАМАННЫҢ ТАЛАБЫ

Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқу мен ізденісті тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.

К.Д.Ушинский

Оқыту мен оқу, үйрету мен үйрену үнемі бір-бірімен астасып жатады десек, шәкірттеріміздің бойында қандай қасиеттер мен қабілеттерді, ой-пікірлерді дамытуымыз керек деген сұрақ туындайды.

Ал, осыны жүзеге асыру үшін нені біліп, нені пайдалануымыз керек? Осы бағытта баланы өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен ізденіп білім алуға үйрету – ең тиімді жол деп ойлаймыз.

Елдің ертеңі-білімді ұрпақ қолында. Егемен еліміздің болашақта өркениетті мемлекеттер қатарына қосылып, тәуелсіздігіміздің көк байрағын биік ұстауы қазіргі мектеп партасында білім алып отырған жас ұрпақтың білімі мен ақыл-парасатына, іскерлігі және жауапкершілігіне байланысты. 2030 жылдарға қарай Қазақстанды өзге дамушы мемлекеттерге үлгі болатын дәрежеге жеткізетін зерделі ұрпақ қазір мектепте отыр. Сондықтан да әрбір баланың алаңсыз оқуына, әлемдік деңгейде білім алуына жағдай жасау –қазіргі заман мұғалімінің абыройлы міндеті десек, сол мұғалімдер қауымы, біздерміз.

Мұғалім мамандығы ең бір тоқтамайтын, іштей қайшылықтар әлемі. Ол ескішілдік пен жаңашылдық, адам қоғамының және ойдың қозғалысы, дәстүрлерді сақтау үрдісі және өзіне тұрақты кешегіні мойындамау тайталастығынан тұрады. Ал қазіргі ақпараттандыру технологиялары ғасырында, уақыт мұғалімдерден өздерінің міндеттерін өзгертуін талап етуде. Бұрын мұғалімнің негізгі функциясы тәжірибені трансляциялау болса, қазіргі заманауи мектепте мұғалімнен міндеттерді жобалау және әрбір оқушыны жеке және зияткерлік мүмкіншілігі бойынша дамуын басқаруды талап етуде. Осы мақсатта оқытудың әр түрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде. Заман талабына сай сабақ беру әдіс-тәсілдері де жаңарып, жаңаша технологиялар мен модульдер анықталуда. Барлық модульдің көздеген мақсаты – оқушыларды өзін-өзі реттеп, бағалап, бақылауға, ойларын ашық айтып, өздері шешім қабылдап, бір-бірімен пікір таластыруға үйрету болып табылуда. Осы бағытта біз де өз тәжірибемізбен бөлісіп, музыка пәнінен сабақ үлгісін ұсынуды жөн көрдік.

Жамбыл туған өлкеден Өтеген, Райымбек, Қабан, Сұраншы, Сыпатай, Бұғыбай, Күсеп, Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Бөлтірік тәрізді батырлар мен ақындар шыққан. Жамбыл ақын жыр-дастандарында халықтың жаны мен жайының ірі шындығын, қалың елдің асыл арманы мен ұлы –мұрат тілегін, ер өсірген елдің елдігі мен ел қорғаған ердің ерлігін толғады. Жамбыл барлық айтыстарында ел бірлігін сақтауды ел қорғаған ерлерді жырлауды айтыс ақындарының басты мақсаты деп таныды. М.Әуезов: «оның айтыстары халық қостаған ерлікті, елдікті дәріптейді.Елді жирендіретін нәрсіз,құнсыз арам жуандық, обыр байлықты Жамбыл жиренішпен шенеп, масқаралап отырады. Өзімен айтысқан ақындарды жеңгенде халықшыл ойы, санасы биік болғандықтан жеңді»,-дейді.

Атақты Құлмамбетпен айтысында Жамбыл еліңнің адам жегіш жемқорларын мақтай бермей:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт,-деп өз елінің Саурық, Сұраншы, Күсеп, Өтегендей батырларын, олардың ерліктерін толғайды. Ерлік не үшін жасалды, батырлар жау қолынан өлгенмен кім үшін жанын қиды? Осы сұрақтар төңірегінде кең тыныспен, нанымды жыр етеді. Аты аталған батырлардың жаудан өлгенін бетіне мін етіп басқанда, Құлмамбеттің бұл елге қандай жағдаймен қашып келгенін, ағасының молдалық құрып жан сақтап жүргенін айтып шүйілгеді.

Сарбаспен айтысында ел аузында сақталған Домалақ ана жайлы аңызды жырға қосып, алтын құрсақ анадан Жарықшақ деген ұл туғанын, оның өсіп-өніп,одан Сыпатай, Сұраншы, Саурық, Өтеген, Андас, Қырбас, Атамқұл сияқты батырлардың тарайтынын баян етеді. Қаһармандық күрестерін, жорықтарын дәріптейді. **Саурық жайлы**:

Ел қыспақта тұрғанда
Ел намысын жоқтаған.
Батыр туған кім еді?
Ел шетінен жау қуып,
Ерлікпен қайрат жұмсаған,
Батыр туған кім еді?
Саурық еді арыстан...

Сұраншы батыр жайында:

Сұраншыдай батырдың, Жан жүрмеген шенінен,
Алмастан соққан ақ қылыш, Еш кетпеген белінен.
Ашуланған кісіге, Қабағы қатты түйілген,Досы қатты сүйінген
Дұшпаны жаман күйінген...

Жамбылдың эпикалық қуаты туралы сөз еткенде, алдымен ол жырлаған «Көрұғлы», «Мұңлық-Зарлық», «Қыз Жібек», «Манас», «Өтеген батыр», «Сұраншы», «Ерназар-Бекет», «Шора» дастандарын атап өткен жөн. Өкініштісі бұлардың барлығы дер кезінде қағазға түсірілмеген. Жамбылды эпикалық жырау ретінде халыққа танытқан шығармаларының көлемдісі- «Өтеген батыр»,

Ерлікпен қайрат жұмсаған,
Батыр туған кім еді?
Саурық еді арыстан...

Сұраншы батыр жайында:

Сұраншыдай батырдың, Жан жүрмеген шенінен,
Алмастан соққан ақ қылыш, Еш кетпеген белінен.
Ашуланған кісіге, Қабағы қатты түйілген,Досы қатты сүйінген
Дұшпаны жаман күйінген...

Жамбылдың эпикалық қуаты туралы сөз еткенде, алдымен ол жырлаған «Көрғұлы», «Мұңлық-Зарлық», «Қыз Жібек», «Манас», «Өтеген батыр», «Сұраншы», «Ерназар-Бекет», «Шора» дастандарын атап өткен жөн. Өкініштісі бұлардың барлығы дер кезінде қағазға түсірілмеген. Жамбылды эпикалық жырау ретінде халыққа танытқан шығармаларының көлемдісі- «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары. «Өтеген батыр» дастанындағы Өтеген тарихта болған адам. Өтеғұлұлы Өтеген 1699 жылдары Шу өзені бойындағы Хан тауының етегіндегі Изенді жерде туылған. 1773 жылы қайтыс болған. Батырдың өмір сүрген дәуірі – халқымыздың тағдыры қыл ұшында, қылыштың жүзінде тұрған нағыз жаугершілік мазасыз уақытқа, нақтылап айтқанда, бір жағынан жоңғар шапса, енді бір тұстан қара қытай қыспаққа алып, бір бүйірден орыс отарлауға бел шеше кіріскен аласапыран заманға сай келген еді. Осылайша жау жағадан, бөрі етектен алған қиын қыстау кезеңде ел тағдыры ұлы хандарымыздың көреген саясаты мен ел қорғаған батырларымыздың қолында болатын

Алты алашқа аттары аян ержүрек батырларымыз жайындағы «Қабанбай», «Бөгенбай», «Саурық батыр», «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр»т.б тарихи жырлардың бізге жетуі халқымыздың оларға көрсеткен құрметі, мәңгілік ескерткіші. Өтеген батыр да Аңырақай шайқасына, Қалдан Церенің 1741-42 жылдардағы шапқыншылығына қарсы жорықтарға қатысқан. Сондай-ақ жырдың бір вариантында Өтегеннің Абылай ханмен араздасып Көкшетауға көшіп барып, кейін Іле бойына қоныс аударғаны да жырланады. «Өтеген батыр» дастаны батырдың әкесі жайлы кіріспеден басталып, бала күнгі ерліктерімен, жастық уақыттағы батырлығы, содан кейін батырдың кемелденуі,яғни ер жетуі, тұлапр таңдап мінуі, жаумен жекпе-жегі баяндалады. Бұл жырдың екінші бір ерекшелігі Өтеген туралы желіні Асанқайғы оқиғасымен үйлестіретіндігінде.

Жамбылдың батырға халыққа жайлы қоныс іздетуі тегін емес-ті. Патшаның отарлау саясатының құрығы қазақ даласына келіп жеткенін ақын сезді.Қазақ елінің сол кездегі мақсаты да ата қоныстан айрылып қалмау Өтеген сияқты батырлардың да қолынан келетін түсінді. Дәл сол кезеңдерде бұл

2-тапсырма. *Жоғарыда берілген мәтіннен «есімдіктерді», «көптік» жалғауларын табыңыздар.*

3-тапсырма. *Жоғарыда берілген мәтін бойынша сұрақ құрастырыңыз және сұраққа жауап жазыңыз.*

Мысалы, Ертеде қазақ халқында билерге қатысты қандай дәстүр болған?
Жауап: Ертеде қазақ халқында «билік айту» деген дәстүр болған.

4-тапсырма. *Мақал-мәтелді аяқтаңыз.*

1	Би екеу болса –	○	елдестірмек – елшіден
2	Жауластырмақ – жаушыдан, ...	○	дау көп жау көп
3	Хан көп болса – ..... Би көп болса –	○	сөзінің болса жалғаны
4	Әділ бидің өлгені – ..... Ғұламаның өлгені – болмаса тәлім алғаны.	○	дау төртеу болады

Студенттер оқылым әрекеті кезінде өздігінен іштей оқиды немесе аудиодан тыңдайды және мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсінеді.

5-тапсырма. *Жақша ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін қазақ тіліне аударыңыз.*

Төле би – (общественный деятель казахского народа, известный оратор). Төле би 15 жасында билікке араласып, (стал известен народу своей справедливостью и ораторскими способностями).

Қазыбек би – (непревзойденный отатор, судья, дипломат международного значения, общественный деятель).

Әйтеке би (во времена правления хана Есима) Жалаңтөс батырдың немересі. Әйтеке бидің ел арасында (широко распространенных стихотворений-размышлений, коротких рассказов) өте көп.

Би туралы түсінікті әр қырынан, жан-жақты танудың нәтижесінде билер қызметіне зерттеуші ғалымдар қазақ халқының атақты билері туралы келесідей тұжырымда бергендігін **заң ғылымдарының докторы Мақсұт Нәрікбаев** «Оңтүстік рабат» газетіне «Би деген кім?»[8] тақырыбында атақты билердің жан-жақты болғандығы туралы жазған.

Қазақ халқының атақты билеріне тән қасиеттерін беру арқылы студенттерді ізгілікке, адамгершілікке, елжандылыққа, ұлы билердің өмірін, еңбегін үлгі ете отырып, туған халқы үшін аянбай еңбек етуге, мейірімділікке, әділдікке, адалдыққа, ерлікке, елінің адал перзенті болуға тәрбиелеу мақсатында студенттерге келесі тапсырманы беруге болады.

6-тапсырма. *Асты сызылған сөздерді (төменде берілген схема бойынша) орыс тіліне аударыңыз және анықтама беріңіз.*

1) би – көсем, 2) би – шешен, 3) би – ақын, 4) би – заңгер, 5) би – елші, мәмілегер, 6) би – жүрек жұтқан батыр, 7) би – саясаткер, қоғам қайраткері, 8) би – ойшыл, ғалым, 9) би – психолог, 10) би – тәрбиеші.

1)Қазақ халқының атақты билері көсем болған.

Мысалы, «Көсем» сөзі орыс тілінде «вождь». Ал көсем сөзін саяси жетекші, халық үшін маңызды жағдайларда шешім қабылдайтын құқысы бар, ең беделді тұлға деп түсінеміз. Көсем – көпті көрген, яғни, «көре-көре көсем болған», көкірек көзі қиядағыны шалатын, ойы орамды, болашаққа болжам жасай алатын, әрдайым халық көңілінен шығатын жан.

2) Қазақ халқының атақты билері шешен болған.

Мысалы, «Шешен» сөзі орыс тілінде .....

7-тапсырма. *Көп нүктенің орнына тиісті сөздер мен сөз тіркестерін қойыңыз.*

Мейірімді – ..... Құт берекең – ..... Алтын ұяң – ..... Асқар тауың – ..... Туып өскен	Тірек сөздер: • Отан қымбат, • әкең қымбат, • атаң қымбат, • анаң қымбат, • елің қымбат	(Қазыбек би)

Ашу деген ..... Алдын ашсаң арқырар. Ақыл деген ..... Алдын тоссаң тоқырар. Кісі бірге туыспау керек, Туысқан соң, ... керек. Сөз қуған ..... жолығады, Жол қуған ..... жолығады.	Тірек сөздер: • сөз қуыспау, • олжаға, • ағын су, • бәлеге, • дария	(Әйтеке би)

..... жаумаса жер жетім, ... болмаса ел жетім, Ұқпасқа айтқан ..... жетім. ..... жақсы болса, Жан мен тәннің шырағы. ..... жақсы болса, Жайқалып өскен құрағы. Атың жақсы болса, Ер жігіттің	Тірек сөздер: • балаң • қызың • сөз • пырағы • басшы • жаңбыр	(Төле би)

Жоғарыда берілген тапсырмалар бойынша тест беруге де болады.

Бұл айтылғандар қатысымдық технологияның бір құраушысы болып табылатын мәтінмен жұмыс қазақ тілді емес дәрісханада студенттердің қазақ тілінде еркін сөйлей білу дағдыларын қалыптастырып, өз ойын басқаға

екен! Мен Жамбыл университетінің тайниктерінің есігін аштым. Мұны көрген көзде арман жоқ»\2,165\. Л.Соболевтың ой-пікірінен-ақ Жамбылдың эпик, абыз жырау әрі жауынгер жыршы, тапқыр шешен болғандығын көреміз. Ол байтақ қазақ даласының жыр дариясына кенелткен, осы өнерді ілгері дамытқан, жаңа биікке көтерген ұлы ақындардың, жыраулардың ең соңғы үздігі.

М.Әуезов сөзімен айтар болсақ : «Жамбыл Жетісудың төрінде, жырдың тұнып тұрған, дәуірлеп тұрған шағында туған. Жамбылдың өз айналасына келгенде қоюланған қалың үйір, үлкен шоғыр, ордалы өлеңді көруге болады»\3,270\. Жамбыл –Сұраншы батырдың ұрпағы. Ақынның атасы Жабайдың әкесі Ыстыбай да батыр болған. М.Дүйсеновтің мына пікірімен келіскіміз келмейді: «Жамбылдың «Өтеген батырында» бүкіл халықтың перзент тілеуі өздерін шетел басқыншыларынан құтқаратын батырды аңсауға құрылған. Бұдан кейінгі сюжет дәстүрлі арнаға түсіп кетеді. Эпизодтың шешімі тың, өзгеше. Яғни, болашақ батыр текті адамның үйінде емес, қарапайым халық өкілінің үйінде туады»\4,118\. Қарапайым халық өкілі неге тексіз болмақ?

Жамбыл туған өлкеден Өтеген, Райымбек, Қабан, Сұраншы, Сыпатай, Бұғыбай, Күсеп, Сүйінбай, Бақтыбай, Майкөт, Бөлтірік тәрізді батырлар мен ақындар шыққан. Жамбыл ақын жыр-дастандарында халықтың жаны мен жайының ірі шындығын, қалың елдің асыл арманы мен ұлы –мұрат тілегін, ер өсірген елдің елдігі мен ел қорғаған ердің ерлігін толғады. Жамбыл барлық айтыстарында ел бірлігін сақтауды ел қорғаған ерлерді жырлауды айтыс ақындарының басты мақсаты деп таныды. М.Әуезов: «оның айтыстары халық қостаған ерлікті, елдікті дәріптейді.Елді жирендіретін нәрсіз,құнсыз арам жуандық, обыр байлықты Жамбыл жиренішпен шенеп, масқаралап отырады. Өзімен айтысқан ақындарды жеңгенде халықшыл ойы, санасы биік болғандықтан жеңді»,-дейді.

Атақты Құлмамбетпен айтысында Жамбыл еліңнің адам жегіш жемқорларын мақтай бермей:

Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,

Ел бірлігін сақтаған татулықты айт,-деп өз елінің Саурық, Сұраншы, Күсеп, Өтегендей батырларын, олардың ерліктерін толғайды. Ерлік не үшін жасалды, батырлар жау қолынан өлгенмен кім үшін жанын қиды? Осы сұрақтар төңірегінде кең тыныспен, нанымды жыр етеді. Аты аталған батырлардың жаудан өлгенін бетіне мін етіп басқанда, Құлмамбеттің бұл елге қандай жағдаймен қашып келгенін, ағасының молдалық құрып жан сақтап жүргенін айтып шүйлігеді.

Сарбаспен айтысында ел аузында сақталған Домалақ ана жайлы аңызды жырға қосып, алтын құрсақ анадан Жарықшақ деген ұл туғанын, оның өсіп-өніп,одан Сыпатай, Сұраншы, Саурық, Өтеген, Андас, Қырбас, Атамқұл сияқты батырлардың тарайтынын баян етеді. Қаһармандық күрестерін, жорықтарын дәріптейді. **Саурық жайлы**:

Айтбаева Айман Ералықызы
ф.ғ.к., доцент
Шыңғысханқызы Аружан
К-13-1 оқу тобы студенті
Қорқыт ата атындағы ҚМУ

ЖАМБЫЛ ЖЫРЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, жамбылтану ілімінің басында тұрған ғалым М.Жолдасбекұлының абыз ақын Жамбыл Жабаев жайында айтқан бағасы әділ де барынша нанымды: «Жамбыл –көмейінен жыр қоздаған дана, қара өлеңнің сарқылмайтын бұлағы, жырдың асыл кені, тіккен туы, жырдан ұрық сепкен, өлеңді өрнектеп төккен, қойдай тоғытқан, ақындықтың апшысын қуырған, жырдың өрісін ұзартқан, жырға қанат байлаған, ақындықтың жолбарысын жетектеген құдірет. Дұшпанның тынысын тарылтқан жырдың ақ семсері. Асыл жырдың асқар тауын орнатқан, өлеңнің тау мен тасын құлатқан асау өзен, ағып жатқан сел, жырдың дауылы, өлеңнің қара бораны. Елге жыры ем болған – сөзден туған дана,терең теңіздің тұнбасы, өлеңді тірілткен кәрі қуат, биік бәйтерек»\1,372\

Бала күнінде Бөлтірік шешен Жамбылдың қолын ұстап тұрып: «Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болады екен»,-депті. Аузы дуалы, сөзі киелі Бөлтірік бабамыз болжағандай, Жамбыл «ХХ ғасырдың Гомері атанған», әлемді таң қалдырған ғажайып құбылыс болды. Тау халықтарында керемет бір дәстүр бар екен. Бір жас ақынның аты таныла қалса, бұл ақын, ана ақыннан да мықты деп төрге шығарып, құрметтейді екен. Қазақ бірін-бірі мұқалтпаса, аяғынан шалып құлатпаса, күндемесе күнелтпейтін маңдайына жазылған жазылмас дерті бар емес пе? Сол бір жаман қылығымен Жамбылдың да артына шам алып түсіп, артынан Мәскеуге қарай «Жамбыл деген ақын түгіл, адам жоқ. Ойдан қиыстырған қиял»деп арызын бұрқыратқан. Содан Мәскеуден жазушы Л.Соболев арыздың анық-қанығына жету мақсатында жанына М.Әуезов, Ә.Тәжібаевты ертіп, Ұзынағаштағы Жамбыл ақынның үйіне барып түседі. Жамбылдың табиғат сыйлаған дара талантына, кемеңгерлігіне бас иеді. Құдіретті ақынды жоқ деп даттаған жалақорларға ренішін білдіреді.

«Бізге импровизаторлық өнер өткеннің романтикасы тәрізді. Менің жеке басым «Сирано де Бержакты» сахнадан он рет көруге әзірмін... Бірақ қазір де ондайлар бар деушілерге, өмір бойы өлеңмен, өлең болғанда қандай өлең классикалық өлеңмен сөйлейтін адам болады деуге сенбеуші едім. Ал Жамбылдың «Манасты» он жеті күн, «Көрғұлыны» он бес күн айта алатынына, барлық қазақ эпосын, өзіне дейінгі ақындар айтысын жатқа білетіндігіне, бір басында миллионнан астам өлең жолдары бар дегенге көзім әбден жетті. Жамбыл түсінде де өлең шығарады деген шындыққа жолықтым. Бұл ғажап

түсіндіре алатын, біреудің айтқан сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізуде өзектілікті екенін айғақтайды.

Сонымен мәтінмен жұмыс оқылым дағдысының негізгі тетігі болумен бірге ол сөйлеу әрекетінің барлық түрлерінің қолданыс табатын тұсы деп тұжырым жасауымыз толығынан негізді деп есептеймін.

Қорыта айтқанда, мәтінмен жұмыс сабақта студенттердің сөйлеу тілдерін арттыруда тұғырлық қызмет атқарады деген қорытындыға келеміз. Қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланысу деген мағыналардағы тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін көрсететін сипаттарына үйретуді көздейтін тілдік қатысым технологиясының осынау мақсатының жүзеге асуында маңызды болып табылатын мәтінмен жұмыс әлі де болса жан-жақты арнайы зерттеуді қажетсінеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1.Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики обучения иноязычному общению. – Москва, 1989.

2. Ф.Ш.Оразбаева. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: 2000 ж. 256 б.

3.Ф.Ш. Оразбаева. Тілдік коммуникация негіздері. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1995.

4.Н.Қ.Мұхамадиева. Студенттердің коммуникативті дағдысын қалыптастыру // Қазақ тілі: әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2006 ж., №1, 29-32 б.

5.»Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым, 2007 ж., №8, 24-25 б.

6.Н.Ә.Назарбаев. Қазақстан халқының әл – ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халқына Жолдауы. – Астана. «Ерорда» баспасы, 2008 ж.

7.А.Ш.Бектурова., Ш.К.Бектуров. Казахский язык для всех. –Алматы: 2004. «Атамұра» баспасы. 486 бет.

8) http://kz.otyrar.kz/2012/12/bi-degen-kim/ 23.12.2012

Кокей А.О.
Таразский государственный университет им. М.Х.Дулати, Казахстан
Игиликова Г.И.
Таразский государственный педагогический институт, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В ПРОИЗВЕДЕНИИ Ч. АЙТМАТОВА «ПЕРВЫЙ УЧИТЕЛЬ»

Более ста шестидесяти произведений Кыргызского писателя Чингиза Айтматова были переведены на разные языки, без сомнения, можно говорить о том, что Чингиз Айтматов один из самых важных писателей кыргызской, турецкой и мировой литературы. В начале 1970-х годов в Турции стала

известна повесть Чингиза Айтматова «Джемиле» и была опубликована небольшая повесть «О первом учителе Дуйшене» (Сойлемез 2002). Повесть «О первым учителе» в разных издательствах, была издана под разными названиями, в одном из них упоминалась «О моем первом учителе», в другом же варианте «О первом учителе». В 1965 году в Москве А. Михалковым – Кончаловским был снят фильм по повести Айтматова «Первый учитель» и впоследствии была сыграна пьеса в двух действиях. Произведения Айтматова вдохновили многих художников, были сделаны картины.

В этой повести ярко выражены новые взгляды на вопросы образования и типы концепций преподавания на предмет образования. При создании работы автор в основном опирается на реальную жизнь. При написании повести о «Первом учителе» Чингиз Айтматова был вдохновлен реальной жизнью произведения. Сначала, мы видим человека, первым открывшего школу в деревне, и научившего детей алфавиту. Сегодня, можно еще увидеть, старую школу в селе Сугар. Дуйшен высаживает деревья, которые впоследствии разрослись. Здесь был построен первый памятник, чтобы воздать должное учителю Дуйшену (Акматалиев1998). Конечно, же, есть разница, между реальной жизнью, и жизнью в повести. Эти изменения возможны из-за того, что мы называем реальным миром то, что входит в произведение литературного искусства. Айтматов, короткое время при написании этого романа был под впечатлением опыта преподавания. Айтматов является автором, который показывает реальность в своих рассказах не нарушая явления. Цель Айтматова создать ощущение реального жизненного опыта в различных жизненных ситуациях.

Алтынай Сулейманова, одинокая девушка оставшаяся без родителей, вынужденная находиться в доме своего дяди. Она презирала этот дом и часто подвергалась преследованиям. Однажды она услышала что в деревне, открывается школа и что первым учителем является Дуйшен.У Дуйшен нет никакой поддержки со стороны жителей деревни, поэтому ему приходится справляться со всем своими силами. Он делает школу из старого сарая. Жители деревни не хотят отправлять своих детей в школу, потому что их знание и учение это сельское хозяйство, животноводства и так жили их отцы, и так же будут жить их дети. Но не смотря на это, в конце концов в классе становится много учеников. Самой любимой ученицей Дуйшена является Алтынай Сулейманова. Но через некоторое время Алтынай сталкивается с трудностями жизни, ее тетка выдает ее замуж за богатого мужчину. Алтынай забирают силой, будет ли все как прежде или не видать ей больше любимой школы и учителя Дуйшена. Эта хрупкая и обиженная жизнью девочка сталкивается с жестокостью со стороны мужа. Но несмотря, ни на что Дуйшен спасает Алтынай и отправляет ее учиться. Алтынай учится на протяжении многих лет, достигает успеха и оправдывает надежды своего учителя Дуйшена. Айтматов в своей повести смотрел глазами Дуйшена. Для Айтматова Алтынай как символ

Кейбір тарихшыларымыз Абылайдың тұтқыннан келуі оны Ресейге байлады, оған міндетті болды дегендей ой білдіреді. Абылай Ресейге тәуелді болмағандығын 1745 жылы 14 сәуірде Орынбордағы губернатордың құпия кеңесшісі Иван Неплюевтің оған жазған бір ғана хатының өзі дәлелдейді: «...Біз сізден көптен бері хабар ала алмай отырмыз. Көп уақыт өткендігі себепті сізден өткен кездер туралы хабарларды естігеніміз дұрыс болар. Егер мүмкіндігіңіз болса, уақыт тауып, сіз маған келсеңіз, маған ұнаған болар еді. Сіздің қойған талабыңызға байланысты Сібір жағында ұсталған адамдарыңыз бен малдарыңыздың біразы қайтарылды. Басқасына генерал күш салып көмектесем деп сенім білдіреді»\\. Сонымен бірге орыс төрелері Абылай ханға сый жіберіп: «Жұртыңды бізге жау қылма» деп тұрады екен. Міржақып бір ақынның өлең жолдарынан (ақынның аты аталмайды) мысал келтіріп өтеді:

Абылайдың атасы Әбуәлпейіс,
Хан баласы төсенбес етке киіз.
Аузы түкті жау жұрттан алым алып,
Абылайға шықты ма екі мүйіз?

Темірсу, Жеменей, Алматы, Аягөзге саудагерлер шығару үшін патшалық жол сұрағанда, Абылай «Сарыарқаны бастырмаймын» деп, Ертіс жағалап, Семейге дейін баратын жолды беріпті. Бұл күнгі Ертістің сол жағындағы көлденең қара жолдың «Абылай жолы» деп аталуы себебі сол. Қазақ пен орыс керек жарағын алысып, сауда қылып тарқайтын жәрмеңкеге жер сұрағанда,Есілдің бойынан Қызылжарды берген екен. Бұл Қызылжардағы Дәулеткелді байдың қыстауы болған. «Жерімді орысқа бердің» деп Дәулеткелді Жиделі-Байсынға көшіп кетеді. Қызылжарда «Абылайдың ақ үйі» деген сонан қалған белгі»\2,221\.

«Қазақтың тарихы» мақаласында: «Тарих дейтін – бұрынға өткен заманның жайынан сөйлеп тұратұғын, бұрынғы өткен кісілердің ісінен хабар беретұғын бір ғылым. Қазақтың көбі оны «шежіре» деп атайды. Бұ заманның ғалымдары тарихты ең оңды мағлұм деп түсінеді. Тарих – түзу жөнді үйретуші деп айтады...»,- деп Дулатовтың өзі айтқандай ел мен жер тарихы адам баласының білмекке керек дүниесінің асылы болмақ.

Әрине, бір мақала көлемінде М.Дулатовтың тарихымызды зерделеудегі, танытудағы қазақ жұртына сіңірген еңбегін толық қамту мүмкін емес. Біз тек өз мүмкіндігімізше, өзімізді қызықтырған Хан Абылай турасындағы мақаласына шолу жасап, оқырманға керегін алар деген мақсатта ой бөлістік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Дулатов М. Шығармалары. Жазушы,1991
2.Жұмабаев М. Шығармалар. А.,Жазушы,1989
3.Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және тюркология.А.,1987.
4. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. А.,2009

Арыстан, үні зарлы- атығай соқыр Тоғжан, аспанға өрлеп ән шырқайтын-Біржан сал, өмірі ертегідей Ақан сері – осылардың бәрі сол күніреген Көкшенің маңайында туып өскен ақындар»\3,194\.

Екінші бір мәселе хан Абылайдың қайда, қалайша қайтыс болғандығы жайлы баян. Біз үшін белгісіз деректің бірі. «Абылай хан Самарқандқа елші жіберіп: «Ұрыс –жанжалым жоқ, жұртқа амандасып, әулиелерді зират етіп қайтамын»,-депті. Ел ханды қуана қарсы алады. «Абылай ханның көк тасы» деген түсінік осы ретте беріледі: «Абылай хан қайтарында өзінің басына қойдыртуға Самарқандтың көк тасынан тас қаздырғанда, шыққан тасты Самарқанд жұрты: «Бұл тас сіздің бақытыңызға шыққан тас. Мұндай тас Әмір Темірден соң ешкімге шығып көрген жоқ» деп сүйінші сұраған екен.Сол тасқа «Абылайхан бин Сүйеніш хан» деп жазылып, опат болғаннан кейін басына қойылыпты»\2,222\.

Үшінші бір мәселе Абылай ханның соңғы күндері турасындағы дерек. «Осы сапарынан Ташкентке қайтып келіп, Мырза Ахметтің қызын алады. Өзім кейінірек қайтамын деп, қасындағы орта жүз бен кіші жүздің найзагер батырларына: «әзір ұрыс –соғыс жоқ, аман –есен күндеріңде елдеріңе қайтыңдар»,-деп Арқаға қайтуға қасына үйсін-дулаттың біраз төлеңгіттерін алып қалады.Мұны Шымкеттегі Ғабдолрахман сарт естіп, Абылайханға іштерінен кек сақтап жүрген көрші шаһарлардағы сарттарға хабар жіберіп, Абылайды қоршап алады. Қасындағы төлеңгіттерінің көбін қырып, өзіне қол тигізуге, істің соңы неге тынарына көздері жете алмай, бата алмапты. Сонда Абылай хан Арыс деген жерде бір төбенің басына шығып: «Қайран орта жүз бен кіші жүздің батырлары қасымда болса, бұл қорлықты көрмес едім-ау»-деп бармағын шайнаған екен. Сол күні ғалам аты шыққан Абылай хан бір қорғанға түсіп, ауырмай-сырқамай 68 жасында опат болған. Найзадан тең жасап, сүйегін Түркістан шаһарына әкеліп қойыпты»\2,222\.

Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ісімақова: «Абылай ханның соңғы күндері туралы деректі қазақ тарихшылары осы зерттеуден олжалап жүргені анық. Бірақ күні бүгінге дейін дау тудырып келе жатқан дерек – ханның қай жерде жерленгені туралысы. Бұл- бүгінгі тарих ғылымы ашық айта алмай отырған жай. XX ғасыр басында тарих атадан балаға ауызша жеткізіліп отырылған заманда алаш ғалымы М.Дулатұлы өзі естіген тарихи тұлға туралы мағлұматты бүгінгі ұрпақ үшін жазып кетіпті Бұл ғылыми еңбек тек XX ғасырдың соңында ғана тәуелсіз қазақ елінің санасына жетті. Кеңес ғылымы бұрмалап келген ұлт тарихының шынайы беттерін Алаш ғылымы осылай анықтап берді»\4,255\. Дәл осы мақаладағы тағы бір қызық жайт Абылайдың Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйі» жайындағы дерек. Яғни, Қызылжардағы «Абылайдың ақ үйін» қашан, қандай мақсатпен, кім салып берді?» деген сұрақтың жауабын да Міржақып келтірген дерекпен қанығамыз. Жоңғарлардың тұтқынынан келген оралған соң Абылайдың абыройы жоғары дәрежеге көтерілгені бәрімізге белгілі. Бұдан кейінгі үш орданың хандары мен билері онымен санасты. Абылай Ресейден қол үзген жоқ. Бірақ губернаторларға бас иген жоқ.Оларды өзінен арақашықтықта ұстады. Абылай хан Орынборға 1740 жылы барғаннан кейін губернаторлардың бірнеше рет шақыртуларын қабылдамайды.

надежды на то что, в современном обществе женщины будут иметь высшее образование и право выбора.

Три основные образовательные проблемы, возникающие в повести:

1. Учителя должны иметь основные требования по обеспечению подготовки к занятиям.

2. Образование и концепция образования в обществе претерпевают ненужные негативные последствия.

3. Образовательная деятельность и физические аспекты должны осуществляться в пригодной образовательной среде.

В повести «Первый учитель» Дуйшен в значительной степени был лишен требуемой квалификации, чтобы быть учителем. Алтынай выражается следующим образом: « до сих пор удивляюсь как этот человек не зная толком алфавита и не имея надлежащего образования решился на такой поступок.» (Айтматов, 2005). Не имея достаточного образования в области преподавания, очень трудно добиться успеха. Не имея плана и достаточной информации. Точнее, даже не знать такие вещи (Айтматов, 2005). Учитель должен знать, как научить. Педагогическое образование является очень важной частью процесса, не имея достаточного образования человек может представлять собой серьезную проблему. Другой проблемой образования в повести является отрицательная точка зрения Кыргызского народа. Учитель, который знал только единичную часть заставляет жителей поверить в то что, действительно верилось трудом. Когда же люди услышали, о школе, все население деревушки было против этого. По их словам, для человека занимающегося сельским хозяйством нет надобности учиться грамоте (Йылмаз 2007). Как говорил Дуйшен, неграмотность – это самый яркий признак невежества (стр..66). А в ответ услышав: «Мы крестьяне с незапамятных времен, земля кормит нас. Наши дети будут жить как мы. Зачем читать? Вы офицеры вот вам и нужно читать и писать, мы простые крестьяне, наше дело простое» (Айтматов, 2005). Эти слова ярко выражают негативное поведение сельских жителей в концепции образования. Кыргызское общество до этого дня находилось в процессе неформального образования. Мобилизация к формальному образованию приходит с первой школой и началом образовательного процесса.

JAZYKOVDA

Рамазанова Жанар Сембековна
филол.ғ.к., журналистика кафедрасының доценті
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ (Қазақстан)
Жумабекова Гульнур
Журналистика кафедрасының 2-курс магистранты

ЖАРНАМАНЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Әрбір қоғамның әлеуметтік, экономикалық дамуы сол қоғамдағы нарықтың жедел қарқымен дамуында қызу бәсекелестік туғызады. Онда негізді рөлді жарнама алады. Нарық экономикасына дейін біздің елде жарнама мәселесіне көп көңіл бөлінген жоқ. Ал қазір күнделікті өміріміздің бір бейнесіне айналды.

Жарнама ұғымына қатысты түсініктемелерге назар аударайық. Қазіргі маркетингтің негізін салушы Филипп Котлер: «Жарнама нақты анықталған маркетингтік бағдар мен тауардың тұтыну нарығындағы көріну ерекшеліктері негізге алынатын айқын іс-жоспардың нәтижесі болып табылады. Жарнаманы тауарды нарықта өткізу тұжырымдамасынан бөліп қарауға болмайды. Оны ойлап табу мүмкін емес – ол фирманың маркетингтік саясатынан туындайды. Мұндай саясат жоқ болса, жарнама науқаны да сәтсіз аяқталады» [1: 27], – деп санайды. Зерттеуші Ж.Бекболатұлы жарнамаға қатысты бірнеше көзқарас болады деп түсіндіреді: экономикалық, психологиялық, ақпараттық, әлеуметтанушылық, әлеуметтік-мәдениеттанушылық. Ал осының барлығының мақсаты бір: «...жаңа өнім туралы алаңдаңды хабардар ету, нарыққа қозғау салу, өнімді өткізу, ықтимал клиенттердің назарын аудару» [2: 25].

«Қазақ жарнамалары – тілдік және вербалды емес құралдардың жиынтығынан тұратын, осы құралдардың кешенді ұйымдастырылуы арқылы ақпарат беру және ықпал ету қызметтерін атқаратын, тілдік құралдардың шоғырлануы жағынан алдын-ала дайындалған сөйлеу актісі, шағын көлемдегі мәтін» [3: 9], – деген пікірі біздің шағын зерттеуімізге негіз болып отырған түсініктемелердің бірі.

Қазіргі қоғамда, қоғам нарықтық қарым-қатынастарға көшкен уақытта жарнаманың рөлі жоғары, ол маңызды қызмет атқарады. Өйткені ол – нарықтық қарым-қатынастардың бір құрамдас бөлігі, нарықтық қоғамның бір белгісі. Қазіргі қоғамда жарнаманың қазақ тіліндегі нысаны енді ғана қалыптасып келеді. Қазақ жарнамалары ақпарат таратудың барлық көздерінде –

ұрпақтан-ұрпаққа бір ізділікпен жеткізіліп отырғанда ауызша тарих айту дәстүрі болған. Қазақ фольклорының бізге дейін жеткен бай туындылары, тарихи әңгімелер, тарихи жырлар, дастандар ауызша айтылып қалдырылған шежірелер қазақ халқының есінде өзінің өткені туралы мәліметтер мен білімдер жиынтығының сақталып, белгілі бір жүйе бойынша қазіргі заманға жеткізілгенін дәлелдейді. «Қазақ қоғамында ауызша айту дәстүрі арқылы өткен заман туындыларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын арнайы адамдар болған. Оларды айтушыларды үш топқа бөлген: айтушылар, жыраулар, ақындар. Ертегі, ұсақ салт жырларын көпшілік ортасында жай айтушылар бастаған. Ертегі, ұсақ салт жырлары отбасылық шеңберде пайда болып, этнос тайпалары бой түзеп, өзінің елдік тәуелсіздігі үшін күресе бастаған кезде туады. Жай аутушылар енді маман айтушыларға айнала бастайды. Түрік-монғол тайпаларында алғашқы маман айтушылар бақсылар болған. ХУ-ХУІ ғасырларда солардан жыраулар бөлініп шығады»\2,100\.

М.Дулатов тарихымызды ауызша жеткізушілер арқылы жеткен ел тарихы туралы деректерді Бұқар, Жанақ, Орынбай, Арыстан секілді ақын-жыраулар өлеңдері арқылы нақтылайды. Хан Абылайдың оң жағынан ай, сол жағынан күн туып, сүйегіне хандық әбден сіңіп, жұртты билеп тұрған шағында Заманындағы бір жыршының айтқаны екен деп (бірақ Бұқар жырау есімін атамайды) бірде Бұқар жыраудың:

...Сен жиырмаға жеткенде, Ақсұңқар құстай түледің,
Алыстан тоят тіледің, Қылышыңды тасқа біледің.
Алмаған жауың қоймадың, Ақтан болды күніңіз.

Ғаршы менен күрсінге, Тайталасты үніңіз... \2,221\десе, енді бірде кеше Кенесары заманында шыққан Толыбай бидің баласы Арыстан ақынның айтқаны да бар:

Қылады Макаржада байлар сауда,
Топ бұзар батыр жігіт қалып жауда.
Сұрасаң Абылайдың тұрған жері-
Хан болған қырық сегіз жыл Көкшетауда»\2,220\,- деп көрсетеді.

Қазақтың ханы Абылайдың жас күнінде қара қалмақтардан қазақтың кегін алып, Абылайлап атқа қонғаны, хан етіп халқының хан көтергені, Көкшетау деген жерде 48 жыл хан болып тұрыпты деген дерек Арыстан ақынның да жыр шумақтары арқылы дәйектелген. Біз Бұқар жырауды жақсы білгенімізбен Толыбай бидің ұлы Арыстан есімін Мағжанның айтуымен таныспыз. Көкшетаудай қасиетті өлкені, Абылай хан ордасы, сол өңірдегі небір ақындар жайлы, оның ішінде Толыбай бидің ұлы Арыстан ақын жайлы деректі М.Жұмабаев «Ақан сері» мақаласында ерекше бір тебіреніспен атап өтед:. «Абылай хан ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау – Алаштың ақындығының да ордасындай жер еді» деп осы өлкеден шыққан ақындарды атап өтеді: «Кең сабаның қорындай Бертағынның баласы –Орынбай, екі аяқты адамның ділмары, улы тілді –соқыр Шөже, Тойлыбай бидің ұлы

ғұламалары жайындағы «Хан Абылай», «Алаш Орда», «Хазірет Сұлтан», «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов», «Он алтының ойраны.1916 жыл», «Қазақ зиялылары», «Қазақ-қырғыздың ата тегі туралы», «Қайтсек жұрт боламыз», «Алашқа» атты зерттеу еңбектерінде ұлы дала тарихын зерделеді. Ол: «сөз өнері, асыл сөзіміз қазақ елінің тарихы, жаны болуға тиіс»,- деп мақсат қоя отырып, осы ұлы істі өз дәрежесінде орындап, ұрпақ алдындағы парызын асқан жауапкершілікпен атқара білген тарихи тұлға.»Елінің тарихын жоғалтқан жұрт, өз тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білмейді. Келешекте басына қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өз тарихын жоғалтса, оның артынша өзі жоғалуға ыңғайлы болып тұрады»\1,256\ деген М.Дулатов «Оян, қазақ» ұранын тек өлеңімен ғана емес, тарихи маңызды зерттеулерімен де айғақтап берді.

Хан Абылай жайындағы мақаласында («Айқап»,1912,№12) кейбір тарихшыларымыз да біле бермейтін тың деректер береді. Олардың қатарында: «Абылайдың қай жерде, қалайша опат болғаны, Қызылжардағы Абылай ханның ақ үйін қандай мақсатта, кім салғандығы, Абылайдың Самарқанттан көк тасты қаздырып алуы» жайлы ауызша тарих айту дәстүрімен бізге жеткен жайлар. «Атағы жер жарып шыққан Абылай ХУІІІ ғасырда дүнияға келіп, Көкшетау деген жерде 48 жыл хан болып тұрыпты. Бұл күнге дейін қазақ жұртында Абылайдың анық ата жөнін білмеуші едім. Себебі әр заманның оқиғасы өз тұсында жазыла келіп, жиналған тарихымыз жоқтықтан, тілден тілге сөйленіп келуінше, қарылар Абылайдың ата тегі туралы: Бір заманда «Ақмаңғыт, Тоқмаңғыт» деген ел келіп, қырық жылдай Бұқараны билеп тұрған Әбуәлпейіс ханды өлтіріп, Бұқараны шауып алған соң, Сүйеніш хан деген Әбуәлпейістің бір баласы басшы болып, туысқандары мен балаларын ертіп «Қарсы, Ғузарға» қашып кетеді. Сол Сүйеніш ханның бір баласы он екі жасар Абылай екен. Шын аты- Әбілмансұр. Жас та болса саналы Абылай: «Өз қорлықтан сарт қорлық, сарт қорлықтан жат қорлық» деп жаяу қашып шығып, Түркстандағы тұқымдасы Әбумәмбет деген кісіге жалшы болады. Онан қорланып үйсін Төле бидің түйесін бағады. Мұнда да бой тасалап тұра алмай , Сарыарқаға келіп атығай Дәулеткелді байдың жылқысын бағыпты. Төре баласымын деуге арланып, затым «сарт», атым «Сабалақ» дейді екен. Бір жерге де тұрақтай алмай жүргенде жасы жиырмаға жетеді»\2,219\. Осылайша Абылайдың алғашқы ерлік істері, Абылайлап атқа отыруы,хан болып таққа көтерілуі бірізділікпен баяндалады. М.Дулатұлы қазақтың **ауызша тарих айту дәстүрі** турасында айта отырып, ұрпақтан – ұрпаққа тарихымызды зерделеуде маңызды рол атқарғандығын дәйектейді. Естіген деректерін әдеби мәтіндермен толықтырады. Бүгінде қазақ қоғамында ауызша тарих айту дәстүрінің қалыптасуы үшін қажетті алғышарттардың барлығы да болды деп айта аламыз. Ә.Қоңыратбаев ғылыми әдебиетте ауызша тарих айту дәстүрі белгілі бір халықта, тек мынадай жағдайда ғана болатындығы айтады. Халық есінде халықтың өткен кезеңі туралы мәліметтер мен білімдер жиынтығы сақталып,

мерзімді басылымдарда, радио және телеарналарында, жарнама үшін арнайы шығарылатын газеттерде, сондай-ақ сыртқы жарнамаларда кеңінен қамтылады.

Жарнама таралу жолдарына қарай аудиовизуалдық, дыбыстық және бейнелік болып топтастырылады. Жарнаманың ықпал ету қызметін атқаруда вербалды емес құралдардың рөлі күшті. Вербалды емес құралдар (*сурет, мимика, жест, саз-әуен, түрлі-түсті бояу, белгілі көрнекті адамдардың бейнесі, образы және тұтынушы «кумир» тұтатын адамның қатысуы*) ұлттық мәдениетке тығыз байланысты.

Вербалды емес құралдардың сипатын басшылыққа алып мынадай түрлерге бөлуге болады:

– сыртқы жарнама (маңдайшалар, жарнамалық қалқандар, панно, плакаттар);

– теле- және радиожарнама (жарнама роликтері, жарнамалық телерепортаждар, теледидардағы жарнамалық қатарлар, радиохабарландырулар, радиороликтер);

– парақша жарнама (каталогтар, буклеттер, жапсырмалар (вкладыши), шағын жарнама парақтар (листовки), шақыру билеттері, баға көрсеткіштері);

– газет жарнамасы (газет-журналдарда жарияланған жарнама мәтіндері) [3: 9].

Әрбір жарнама – тілдік құралдар арқылы логикалық ой тиянақталатын нысан. Демек, ол – мәтін. Жарнама мәтініне тән тілдік ерекшеліктер мынадай болып келеді:

– көлемінің бір жолдан 10-15 жолға дейін болуы;

– композициялық құрылымының стандартты болуы, яғни стандартты – таптаурын клише ретінде қайталанып пайдаланылуы;

– баяндаудың қысқалығы, ықшамдығы;

– синтаксистік құрылымының күрделі еместігі;

– қысқа, ықшам стандартты құралдар арқылы ақпараттық және ықпал ету функцияларын атқару. Жарнаманың көлем ықшамдылығы – оның негізгі сипаттарының бірі. Мысалы:

- *Жақындастырады! Активтендіріл! Сөйлесеміз бе! Бірге шаттанайық!*

Ал ауқымды көлемдегі жарнамаларға мысалы, тендер, аукцион т.б. мәтіндері жатады.

Жарнама мәтіндерінде экспрессивті-эмоциялық лексика, көркемдік бояуы бар, көркем әдебиет стиліне тән құралдар қолданылады. Төмендегі мысалда көркем әдебиетте кездесетін дыбыс ұйқастығы, сөздің астарлы мағынасы, ұ дыбысының қайталанып келуі, *т е р е ң* сөзінің коннотативті мағынасы – осыған дәлел: *Иассауи минерал суы. Ғасырлар тереңінен, ұрпақтан ұрпаққа.*

Бүгінгі күні ұлтжанды азаматтардың орынды алаңдауын тудырып, көкейкесті мәселеге айналып отырған жайт – қазақ тілінің көрнекі ақпарат пен жарнама тілі ретінде «шалағай» қолданылуы. Несін жасырайық, бұл салада қазақ тілі – қосалқы тіл, аударма тілі, оқылмайтын шалажансар тіл ретінде жұмсалуда. Ана тіліміз өз көшеміздің көрінбей жүр. Қазіргі қоғам нарықтық

қарым-қатынасқа көшкен уақытта жер мен көкті жаулаған жарнаманы көресіз. Көшеге шықсаңыз – жарнама, теледидар, радио қоса қалсаңыз – жарнама.

Соңғы жылдары еліміздің дамуы қоғамның барлық салаларындағы сапалы өзгерістермен ерекшеленеді. Бұл жаңару үрдісі саяси, экономикалық және әлеуметтік институттардың барлығын қамтып өтті. Елдің нарықтық экономикаға көшу кезеңінде көптеген мекемелер мен ұйымдар тәуелсіз болды, сондықтан олардың экономикалық талаптарға сай қызметі дұрыс ұйымдастырылған кешенді маркетингтік бағдарламасыз өз жұмыстарынан оң нәтиже шығару мүмкін емес еді. Өнімнің жарнамасы – маркетингтік коммуникацияның маңызды құрамды бөлігі бола отырып, тұтынушымен өзіндік ақпараттық байланыс орнатуы тиіс. Дұрыс ұйымдастырылған, сондай-ақ іс жүзіне асқан жарнама өте тиімді әрі өнімнің үздіксіз, тез өндірілуіне мүмкіндік береді. Бұл мекеменің ақша айналым процесінің тез жүргізілуіне, тұтынушылармен байланысты оларды тұрақтандыруға, сұраныстың артып, қызмет тиімділігінің жоғарылауына септігін тигізеді. Яғни, тауар мен қызмет жарнамасы – экономиканың жасанды емес, табиғи құралы және нарық жүйесінің маңызды реттеушісі екені даусыз.

Сонымен, еңбегімізді қысқаша түйіндейтін болсақ, қазіргі жарнамалардан мынадай кемшіліктер жиі аңғарылады:

1. Екінің бірінде қазақ тіліне қате аударылады.

2. Ұлттық бояу байқалмайды, ұлттық нақыш жетіспейді. Қазақ жарнамасы екенін ажырату қиын. Шамасы тапсырыс берушілер қазақ ұлтын негізгі тұтынушы деп санамаса керек.

3. Не жарнамалап жатқанын бірден түсіне алмайсың. Мәселен, активті жарнамалап тұрған қызға қарап не айтуға болады?

4. Мәтін екі тілде қатар берілгенімен, қазақшасы көзге бірден түспейтін солғын бояумен көрсетіледі. Бұл билайында жиі кездеседі.

5. Банк жарнамаларында, кір жуғыш ұнтақтарын, кондитерлік, макарон өнімдерін т.б. жарнамалауда аралас отбасын (әйелі мен күйеуі екі бөлек ұлттан) көрсету жиі кездеседі. Бұл – Қазақстандағы халықтар достығы дегенді білдірсе де, енді ес жиып, етегін жинап келе жатқан ұлттың болашақ ұрпағына басқаша әсер етуі мүмкін. Сондықтан астарында «аралас некені» жақтайтын жарнамаға тыйым салынуы тиіс.

6. Еуропалық нәсілділер бейнеленген жарнамалар көбірек ұшырасады. Бұл жайт «тек еуропалық адамдар ғана бақытты, тұрмысы жақсы құрылған жандар» деген ойға жетелейтін сияқты.

Қысқасы, бұл айтылғандар – тек бір қала ғана емес, жалпы Қазақ елінде кең етек жайған үлкен мәселе. Сондықтан көрнекі ақпарат пен жарнаманың аударма нұсқасын емес, лексика-семантикалық, грамматикалық, стилистикалық нормалары сақталған «шынайы» қазақша жарнама тілін дайындауға айрықша көңіл бөлу керек.

Тауарлар мен өнімдердің, қызмет түрлерінің жарнамаланып отыруын реттейтін жарнама агенттіктері қажет және олармен мемлекеттік тілді жетік меңгерген, қазақ халқының этномәдениетінен толық хабардар, сондай-ақ басқа тілдерді де жақсы білетін тілші мамандармен, аудармашылармен жасақталуы тиіс.

Жарнама түрлерімен айналысатын агенттіктер мен кәсіпорындарға тіл нормаларын сақтауды талап ету, оларға үлкен жауапкершілік жүктеу, заңды бұзғандарға айыппұл салғызу керек.

Ата заңымыз бойынша бекітілген мемлекеттік тіліміздің мәртебесін көтеру мен қорғау – қазақстандық әрбір азаматтың парызы мен міндеті. Біз осы жауапкершілікті терең түсінгенде ғана «жарымжан» жарнама мен шалажансар ақпаратқа бейжай қарамайтымыз анық. Ана тіліміздің күнделікті өмірде қолдану аясын кеңейту – үлкен-кішінің, баршаның парызы. Өзгеге сыйлы болғымыз келсе, өзімізді сыйлай білейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Котлер Ф. Основы маркетинга. – СПб.: АО «Коруна», 1994.
2. Бекболатұлы Ж. Жарнама негіздері: Оқу құралы. – Алматы: Экономика, 2009. – 160 б.
3. Солтанбекова Ғ.Ә. Қазақ жарнамалары:тілдік сипаты және олардың ықпал ету қызметі. Канд. дисс. автореферaты. – Алматы, 2001. – 26 б.

Айтбаева Айман Ералықызы
ф.ғ.к.,доцент
Әбілқасым Бақберген
К-14-1 оқу тобы студенті
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

М.ДУЛАТОВ ПУБЛИЦИСТИКАСЫНДАҒЫ ЕЛ ЖАЙЫ

Бар ғұмырын қазақ елінің азаттық алып, еркін ел болуына арнаған алаш ардақтысы М.Дулатовтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. ХХ ғасыр басында қазақ даласында екі ағымның болғаны анық. Бірі –панисламдық ағым, екіншісі- негізінен батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Екінші ағымның басында Ә.Бөкейханов бастаған орыс мектептерінен тәлім алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрды. Солардың қатарында Шығыс пен Еуропаның әдебиетін жетік меңгерген, ел ісіне ерте араласқан, қазақтың белгілі зиялылары Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлының мектебінен өткен М.Дулатов «Оян, қазақ» жинағында отарлық езгіге қарсы күреске шақырып, халықты ояту идеясын ашық көтерді. М.Дулатов Отан тарихы, оның даңқты хандары мен ержүрек батырлары, шайырлары мен